# 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналардың:

65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
65-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Мәдениет және ақпарат саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 396 122 мың теңге (үш жүз тоқсан алты миллион бір жүз жиырма екі мың теңге).

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; 2003 жылғы 8 мамырдағы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; 2003 жылғы 7 қаңтардағы "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; 1995 жылғы 17 сәуірдегі "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; 1999 жылғы 23

шілдедегі "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері" 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің мәселелері туралы" 2005 жылғы 4 ақпандағы N 103 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Археология және тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" 2003 жылғы 7 шілдедегі N 662 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Теледидар және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 20 қазандағы N 1012 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мәдениет, тарихи-мәдени мұра, ақпарат, мұрағат ісі және құжаттамасы, кітап шығару, полиграфия, ішкі саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім, тіл саясаты саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруда стратегиялық саясат пен тиімді салааралық үйлестіруді жүргізу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ұлттық мәдениет пен басқа да халық мәдениеттерін қайта жаңғырту, сақтау, дамыту, пайдалану және тарату саласында құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерді құруда іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуына жағдай жасау. Бұқаралық ақпарат құралдары, мұрағат ісі және құжаттамасы, кітап шығару қызметі, полиграфия, тіл саясаты саласында мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуын бақылауды қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Мәдениет және ақпарат саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Кино және бейне өндірісінің реестрін құру. Ұлттық мұрағат қорының құрылу және толтыру көзінің тізімін бекіту. Мәдениет, ақпарат, тіл дамыту және мұрағат істері саласында орталық және | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жергілікті атқарушы органдардың қызметін координациялау мен мәдени және ақпараттық кеңістік саласындағы қызметіне қатысты мәселелерге талдау жасау; Саяси партиялармен, қоғамды бірлестіктермен үкіметтік емес ұйымдармен қарым-қатынас. Тарихи және мәдени ескерткіштерге археологиялық және қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге лицензия беру; телевидение және радио хабарларын тарату, басылым және полиграфиялық кәсіпорындар, республикалық мұрағат мекемелері желісін мемлекеттік басқару бойынша ұйымдастыру жұмыстары; бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қоюды жүзеге асыру; телевидение және/немесе радио хабарларын тарату ұйымдарының қызметіне лицензия беру. Астана қаласында Халықаралық баспасөз орталығын ашу. | | және ақпарат министрлігі |
| 3 | | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Мемлекеттік және ағылшын тілдеріне оқыту. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |
| 4 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Материалдық-техникалық құрал жабдықпен қызметті қамтамасыз ету. Астана қаласындағы Халықаралық баспасөз орталығы үшін ұйымдастыру техникасын және жабдықтар сатып алу. | Ақпан-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |
| 5 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Есептеу техникасы құралдарын әкімшілік ету, сүйемелдеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер төлемі. | Ақпан-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Мәдениет |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Телекоммуникациялық қызметтердің төлемі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Web-сайтын ақпараттық қамтамасыз ету. | | және ақпарат министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: мақсаттарға қол жеткізу үшін алға қойылған міндеттерді толық орындау; оқыту: 80 қызметкерді - мемлекеттік тілге, 55 қызметкерді - ағылшын тіліне оқыту.
Түпкі нәтиже: Тарихи-мәдени мұраны сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасау, мемлекет қызметінің әлеуметтік-маңызды салаларында әлеуметтік-ақпараттық және коммуникативтік технологияларды қолдануды кеңейту, республиканың жалпыұлттық мемлекеттік даму стратегиясын дұрыс түсіндіру мен насихаттауды қамтамасыз ету, республикада және әлемде, басқа да қызмет салаларында орын алған қоғамдық-саяси үрдістерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету.
Министрлік және комитеттер қызметкерлерін жиһазбен қамтамасыз ету 68,7 пайыз; министрлік аппараты мен комитеттердің жиһазын жаңарту 9,2 пайыз.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
1 мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілді оқытуға кететін орташа шығын 21 мың теңге;
1 мемлекеттік қызметшіге ағылшын тілін оқытуға кететін орташа шығын 10,2 мың теңге.
Уақтылығы: Бекітілген уақытта және келісім шарттар бойынша жоспарланған іс-шараларды орындау.
Сапасы: қазіргі таңдағы экономикалық жағдайларға сәйкес кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сай мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін көтеру; мемлекеттік қызметшілердің 30,21 пайызға мемлекеттік тілді оқыту курстарынан өткен соң іс қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізуге көшеді; мемлекеттік қызметшілердің 30,2 пайызға ағылшын тілін оқыту курстарынан өткен соң ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс жасайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
66-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Мәдениет және ақпарат саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"

деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 238715 мың теңге (екі жүз отыз сегіз миллион жеті жүз он бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Заңының 31-бабы ; Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі "Тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау және пайдалану туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі "Ғылым туралы" заңы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1009 "Көне Отырарды қалпына келтіру" 2005-2009 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Республика тұрғындарының мәдени және рухани деңгейін арттыру, сондай-ақ елдің тарихи, мәдени құндылықтарын толыққанды танып-білуде бос аралықтарды толтыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мәдениет пен өнерді дамытуда ғылыми-практикалық талдау жасауды қамтамасыз ету, әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымының жұмыс істеуінің тиімді және перспективалық үлгілерін әзірлеу; тарихи және мәдени ескерткіштерді мұражайландыру және танымалдандыру; көшпелі және отырықшы-жер өңдеу мәдениеті мен олардың өзара қарым-қатынас аспектілерін, ежелгі дәуірден біздің заманымызға дейінгі Еуразия территориясында болған басқа да этномәдени үрдістерді зерттеуді ұйымдастыруды қамтамасыз ету; археологиялық, сәулетшілік, қала құрылысы нысандарын зерттеуді қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Мәдениет және ақпарат саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | Мәдениет саласында мына бағыттар бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді өткізу: тарихи-мәдени, мәдени-бос уақыт, театр-концерт, мұражайлық, тарихи, археологиялық, этномәдени және этносаралық.<br>Тарихи-мәдени мұра нысандарында археологиялық зерттеулер жүргізу.<br>Өткен дәуірдің атақты ойшыл ғалымдарының мұраларын зерттеу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | үшін жақын және шетел қалаларының мұрағаттары мен кітапханаларына, сондай-ақ қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи маңызы бар қолжазбаларды, сирек кездесетін басылымдарды, кітаптар мен мұрағат құжаттарын табу және сатып алу мақсатында ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру. Көне түркі Қағанаттарының алғашқы мемлекеттік құрылымдарының пайда болуы мен дамуын зерттеу және мәліметтер табу мақсатында көне түркі Қағанатының астанасына қазақ-монғол экспедициясын ұйымдастыру. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу бойынша қызметтің төлемі. | | ақпарат министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: мәдениеттің ғылыми-әдістемелік қорын нығайту және саланы дамыту үшін тәжірибелік нұсқаулықтарды дайындау;
мәдени саясат және этносаралық қатынас саласында 8 тақырып бойынша ғылыми зерттеулер өткізу, еліміздің ұлттық мәдени жетістіктерінің тарихи-мәдени құндылықтарын зерттеуге бағытталған 2 тақырып бойынша ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру;
жаңа ғылыми мәліметтерді табуға бағытталған мұражайтану саласында 8 тақырып бойынша жұмысты жалғастыру;
27 нысан бойынша археологиялық зерттеулерді жалғастыру: 1. Бұзоқ қалашығы, 2. Қойлық қалашығы, 3. Талғар қалашығы, 4. Сарайшық қалашығы, 5. Қызыл Ойық әулиетамы, 6. Берел әулиетамы, 7. Шілікті әулиетамы, 8. Мерке әулиетамы, 9. Жайсан әулиетамы, 10. Ақыртас қалашығы, 11. Ақтөбе қалашығы, 12. Тоқтауыл бекеті, 13. Айбас дарасы елді мекені 14. Кент елді мекені, 15. Талдысай елді мекені, 16. Некрополь Чирик Рабат, 17. Тоқсанбай елді мекені 18. Жуан төбе қалашығы, 19. Қараспан төбе қалашығы, 20. Шымкент қалашығы, 21. Сауран қалашығы, 22. Сидақ қалашығы, 23. Отырар қалашығы, 24. Бөріжары моласы, 25. Қошқорған I-III бекеті 26. Шоқтас бекеті, 27. Қырық-Оба сарматтар моласы;
23 нысан бойынша жаңа зерттеулер: Дандыбай және Тасмола мәдениеттерінің ескерткіштері (1. Қарамеңді, 2. Беғазы, 3. Едрей), 4. Түркістан қалашығы, 5. Майбұлақ бекеті, 6. Қосқұдық, неолиттік елді мекені, 7. Некрополь және Түрген елді мекені, 8. Ежелгі және орта ғасырлық Жанкент - оғыздар астанасы, 9. Хан Ордасы кешені Жошы ұлысының астанасы, 10. Бұланды қалашығы, 11. Арал Асар, 12. Сарыкөл түрік мәдени кешені, 13. Орта ғасырлық көшпенділердің Ой-Жайлау мәдени кешені, 14. Ешкіөлмес әулиетамы, 15. Тамғалы, 16. Арпа Өзен, 17. Қойбағар, 18. Қарақыр, 19. Шу-Іле таулары,

20. Қаратау тауының оңтүстік баурайы, 21. Тілеубалақ, 22. Қазақстанның жартастардағы таңбалары, 23. Әулиекөл қалашығы.
"Көне Отырарды қалпына келтіру" бағдарламасы аясында археологиялық зерттеулерді жалғастыру;
қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи маңызы бар тұрғындардың рухани және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған бағдарламаны орындауда 520-ға тарта қолжазба, 65 сирек кездесетін қолжазба, 420-ға жуық кітаптар мен мұрағат құжаттарын сатып алу.
Түпкі нәтиже: мәдениет саласын қамтамасыз етіп отыратын тұрақты-даму жүйесінің қызметі құрылады.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір ғылыми жобаны іске асырудың орташа шығын құны 11 936,0 мың теңге.
Уақтылығы: ғылыми жобаларды уақытында дайындауды қамтамасыз ету.
Жоспарланған іс-шараларды уақытында өткізу.
Сапасы: Қазақстан Республикасындағы тарихи-мәдени мұра нысандарына келуші туристердің санын арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
67-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Мемлекеттік сыйлықтар мен стипендиялар"
деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 24397 мың теңге (жиырма төрт миллион үш жүз тоқсан жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2001 жылғы 5 шілдедегі "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 3 сәуірдегі N 369 "Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне мемлекеттік стипендияны бекіту туралы" Жарлығы ; 2001 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы мәселелері" Қазақстан Республикасы Президентінің N 691 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 19 маусымдағы N 3556 "Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары мен гранттарын тағайындау туралы" Үкімі .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мәдениет, өнер, сәулет және бұқаралық ақпарат құралдары қайраткерлерін шығармашылық, қоғамдық белсенді қызметі үшін моральдi және материалды ынталандыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : бейбітшілік пен достықты, халықтар арасындағы өзара сенімдікті нығайтуға, мемлекетаралық қарым-қатынастардағы теңдік пен бірдей жариялылыққа бағытталған қызметті белсендендіру; қоғамдық және ұлтаралық келісімді бекіту, республиканың көпұлтты халқының бірлігін нығайту; демократия мен әлеуметтік прогресті дамыту; журналистер мен өнер қайраткерлерінің бұқаралық ақпарат, әдебиет, өнер, сәулет саласындағы үздік жариялымдары үшін мемлекеттік сыйақы төлемін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Мемлекеттік сыйлықтар мен стипендиялар | Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын тапсыру. Еліміздегі жүргізіліп жатқан реформаларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қолдауға қосқан үлестері үшін бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы Президенттік сыйлықтар мен гранттар тапсыру. Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендия төлеу. Дипломдар мен куәліктерді дайындау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: мемлекеттік сыйлықтар мен стипендиялар төлеу:
Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы;
Төрт номинация (2 сыйлық пен 2 грант) бойынша президенттік сыйақы мен гранттар;
Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне мемлекеттік стипендиялар - 50 бірлік.
Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасының мәдениет, өнер, әдебиет, сәулет саласындағы көрнекті қайраткерлері мен журналистерінің үздік жарияланған еңбегі үшін ынталандыру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: төлемнің орташа шығыны:

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының 1 бірлігі - 6000 АЕК;
Президенттік бір сыйақы - 1092 мың теңге;
Президенттік бір грант - 1092 мың теңге;
Мемлекеттік бір стипендия - 20 АЕК.
Уақтылығы: мемлекеттік сыйақылар мен стипендиялардың жоспарланған төлемін қамтамасыз ету.
Сапасы: бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет, өнер, әдебиет, сәулет жұмысында мемлекеттік қолдауды күшейту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
68-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Мемлекет қайраткерлерінің бейнесін мәңгі есте қалдыру" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 5000 мың теңге (бес миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мәдениет саласындағы көрнекті қайраткерлерді үлгі ете отырып, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің дамуына зор үлес қосқан көрнекті мәдениет қайраткерлерін мәңгілік есте сақтау мақсатында шараларды ұйымдастыру және өткізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Мемлекет қайраткерлерінің бейнесін мәңгі есте қалдыру | Мәдениет және өнер саласындағы аса көрнекті қайраткерлерді мәңгі есте сақтау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу. Көрнекті мәдениет қайраткерлерін жерлеу рәсімдерін, ас беруді, салттық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қызметтерді, фото-бейне түсіруді ұйымдастыру, БАҚ-на жариялау ( көңіл айту, некролог), көрнекті мәдениет өкілдеріне мемориалды тақталар мен ескерткіштерді дайындау. | | ақпарат министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: көрнекті қайраткерлерді мәңгі есте сақтау мақсатындағы шараларды ұйымдастыру. Түпкі нәтиже: мәдениет және өнер саласындағы аса көрнекті қайраткерлерді мәңгі есте сақтау.
Уақтылығы: қажетті шараларды уақытында өткізу.
Сапасы: мемлекет тарихындағы көрнекті қайраткерлердің есімін сақтау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
69-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 690792 мың теңге (алты жүз тоқсан миллион жеті жүз тоқсан екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңының 4 , 6 , 16, 17, 19, 21, 23,25-баптары ; "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 6 , 7-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Шет елде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1673 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 368 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 367 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тілдер туралы заңдардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы " 1999 жылғы 8 қаңтардағы N 16 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы туралы" 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 444 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы" 2005 жылғы 21 қаңтардағы N 45 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** :

- мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту және нығайту;
- Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту;
- біртұтас қазақ ұлтының құрамдас бөлігі ретінде шетелде тұратын отандастарды әлеуметтік-экономикалық, құқықтық қорғау мен қолдаудың мемлекеттік жүйесін жасау .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- мемлекеттік тілдің барлық мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қызметтік міндеттерді орындау үшін іс жүргізудің негізгі тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;
- қазақ терминологиясын жетілдіру;
- орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау және этникалық топтар өкілдеріне ана тілдерін оқытуға қолдау көрсету;
- мемлекеттік қызметшілерге қазақ тілін үйрету жөніндегі барлық қажетті ұйымдастырушылық жағдайларды жасау;
- шетелде тұратын отандастармен жан-жақты байланыстарды дамыту мен нығайту үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту | Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология және ономастика комиссияларының жұмысын қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология және Мемлекеттік ономастика комиссияларының бюллетеньдерін шығару; Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы терминология | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | комиссиясының жанында салалық секцияларды құру; Республикалық мамандандырылған "Тіл және қоғам" альманағын шығару; Қазақ тілін жеделдетіп оқыту жөніндегі оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарын, терминология және ономастиканың өзекті мәселелері жөніндегі анықтамалықтарды әзірлеу және шығару, сөздіктерді қалыпқа келтіру, қайта өңдеу және шығару; Қазақ тіліндегі "Балапан" журналын шығару; "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясаты" атты жарнамалық-имидждік әлеуметтік роликті мемлекеттік және орыс тілдерінде шығару және жалға беру; Ұлттық-мәдени орталықтардың жексенбілік мектептері арқылы ұлттық тілдерді дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету; Республикалық ұлттық-мәдени орталықтарының жексенбілік мектептерінде мемлекеттік тілді оқыту курстарын ұйымдастыру; Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі Үкіметтік комиссия жанындағы тұрақты түрде жұмыс істейтін сараптама топтарының қызметін ұйымдастыру; Түркі жазбалары, қазақ терминологиясы, тілдік ортаны қалыптастыру, тілдерді дамытудың өзекті мәселелері бойынша республикалық (халықаралық) ғылыми-теориялық (практикалық) семинар-кеңестер, дөңгелек үстелдер, конференциялар; Мемлекеттік тілді оқытудың жаңа, баламалы, анағұрлым жетілдірілген, сапалы бағдарламаларын әзірлеумен және жасаумен кәсіби түрде айналысатын мамандарды ынталандыру жөніндегі шараларды өткізу; Қазақстан Республикасы аймақтарының ономастикалық атауларын аудару жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету; Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі республикалық конкурстар, байқаулар өткізу; Славян жазбасы күндерін өткізу; | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қазақстан халықтары тілдерінің IX республикалық фестивалін өткізу; Тілдерді дамыту мәселелері жөнінде әлеуметтік зерттеулер жүргізу; "Мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығы" РМҚК арқылы мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік тілге оқытудың орталықтандырылған жүйесін ұйымдастыру; Мемлекеттік қызметкерлерге арналған тестілеу әдістемесін жасау; Отандастар істері жөніндегі комиссияның отырыстарын өткізу; Шетелдерде тұратын қазақ жастарының өнер және спорт фестивалі; "Туған тіл" мамандандырылған альманағын әзірлеу және шығару; Қазақ диаспорасының өзекті мәселелеріне арналған әдебиеттер әзірлеу және шығару; Қазақ диаспорасына арналған қазақ тіліне жеделдетіп оқыту бойынша сөздіктер, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу және шығару; "Шетелдерде тұратын отандастардың жағдайы олардың қолдануы бойынша " талдамалы баяндамасын әзірлеу; Шетелдерде тұратын отандастар проблемалары жөнінде әлеуметтік зерттеулер жүргізу; Қазақ диаспорасының проблемалары жөнінде республикалық (аймақтық) семинар-кеңестер, дөңгелек үстелдер, конференциялар өткізу; Қазақ диаспорасы өкілдерінің қатысуымен өтетін ақындардың халықаралық мүшәйрасын өткізу. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
- қазақ тілінің бірыңғай терминологиялық жүйесін әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының 4 отырысын өткізу;
- гуманитарлық, экономикалық-қаржылық, техникалық, білім беру және басқа бағыттар бойынша 29 салалық терминологиялық секция құру;
- республика аумағында топонимикалық атауларды фонетикалық, лексикалық және графикалық принциптерін сәйкестендіру және ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы ономастика комиссиясының 2 отырысын өткізу;
- Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі Үкіметтік комиссиясы мен оның жанындағы тұрақты түрде жұмыс істейтін тілдерді дамыту, терминология және

ономастика мәселелері жөніндегі сараптама топтардың кемінде 4 отырысын өткізу;
- отандастар ісі жөніндегі комиссияның 4 отырысын өткізу;
- тілдерді дамытуға арналған кемінде 20 жалпы республикалық іс-шара (конференциялар, семинарлар, жиналыстар, дөңгелек үстелдер, конкурстар, байқаулар) өткізу;
- шетелде тұратын отандастардың өзекті мәселелері бойынша кемінде 4 іс-шара (конференциялар, семинарлар, жиналыстар, дөңгелек үстелдер) өткізу;
- Қазақстан халықтары тілдерінің 1 республикалық фестивалін және шетелде тұратын қазақ жастарының 1 өнер және спорт фестивалін өткізу;
- кемінде 2000 мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік тілге оқыту;
- республикалық ұлттық-мәдени орталықтарының жексенбілік мектептерінде 660 оқушыға қазақ тілін оқыту;
- мемлекеттік органдардың пилоттық топтарында мемлекеттік тілді білу деңгейіне тестілеу жүргізу;
- "Басқару", "Құқық қорғау органдары", "Қызмет көрсету саласы" номинациялары бойынша мемлекеттік тілді оқытудың бағдарламаларын әзірлегені және жасағаны үшін сыйлық алушы номинанттарды анықтау;
- тілдерді дамыту мәселелері бойынша 2 әлеуметтік зерттеу жүргізу;
- шетелдерде тұратын отандастардың проблемалары жөнінде 2 әлеуметтік зерттеу жүргізу;
- қоғамда қазақ тілін дамытуға бағытталған "Тіл және қоғам" мамандандырылған альманағының 4 нөмірін басып шығару;
- мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың қажеттіліктерін қамтамасыз ететін қазақ тіліндегі "Балапан" журналының 6 нөмірін шығару;
- терминология мен ономастиканы жетілдіру бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бюллетендерінің 4 және Мемлекеттік ономастика комиссиясы бюллетеньдерінің 4 нөмірін шығару;
- шетелде тұратын отандастардың ғылыми және шығармашылық ұйымдарымен тұрақты қатынасты қолдау үшін "Туған тіл" мамандандырылған альманағының 2 нөмірін әзірлеу және басып шығару;
- республика аумақтарының әкімшілік аумақтық елді мекендерді, барлық түрдегі объектілердің көрнекі атауларын мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау, бизнес, гидронимдер (көл, өзендер) атауларын қамтитын 16 ономастикалық көрсеткіш құрастыру және шығару;
- кемінде 20000 дана қазақ тілін жеделдетіп оқыту оқулықтар мен оқыту-әдістемелік құралдарын, терминология мен ономастиканың өзекті мәселелері бойынша анықтамалықтар шығару;
- шетелде тұратын қазақ диаспорасына қазақ тілін жеделдетіп оқыту бойынша кемінде 7000 дана оқу-әдістемелік құралдар шығару;

- "Орысша-қазақша сөздігін", "Қазақша-орысша сөздігін", "Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігін", "Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін" қалыпқа келтіру, қайта өңдеу және әрқайсысын 100000 дана таралыммен шығару.
Түпкі нәтиже:
- қоғамдық өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілдің ролін арттыру;
- этникалық топтардың тілдерін дамыту;
- шетелдерде тұратын отандастардың ұлттық-мәдени, рухани және тілдік қажеттіліктерін қанағаттандыру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
- мемлекеттік тілді дамытудың іс-шараларын (конференциялар, семинарлар, байқау, жиналыстар және т.б.) өткізу шығындарының орташа құны - 1 874 000 теңге;
- әлеуметтік зерттеулер жүргізудің орташа шығыны - 1 478 000 теңге;
- қазақ тілін жеделдетіп оқыту жөнінде оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарын және мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері жөніндегі анықтамалықтарды, шетелде тұратын қазақ диаспорасына арналған оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеудің және шығарудың орташа шығыны - 862 теңге;
- сөздіктерді қалыпқа келтіру, қайта өңдеу және шығарудың орташа шығыны - 981 теңге;
- жексенбілік мектептердің оқушыларын қазақ тіліне оқытудың орташа шығыны - 15 014 теңге;
- мемлекеттік қызметкерлерді мемлекеттік тілге оқытудың орташа шығыны - 49 234 теңге.
Уақтылығы:
- тілдерді қолдану мен дамытудың және шет елдерде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес іс-шаралар өткізу;
- іс-шараларды жоспарда белгіленген мерзімдерге сәйкес өткізу.
Сапасы:
- республика азаматтарының қазақ тілін меңгеру деңгейін жетілдіру;
- шетелдерде тұратын отандастардың тілдік қажеттіліктерін толыққанды іске асыруды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
70-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мәдениет объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері"

деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 10 663 511 мың теңге (он миллиард алты жүз алпыс үш миллион бес жүз он бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 мамырдағы N 111 "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 624 "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1009 "Көне Отырарды қалпына келтірудің" 2005-2009 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : тұрғындардың демалысы, мәдениеті жүйесін қамтамасыз ету және қалыптастыру, мәдени мұралар, театр және концерт мәдениетін дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мәдениет инфрақұрылымын дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мәдениет объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері | Мәдени нысандарды дамыту үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәйкес облыстық бюджеттер, Астана және Алматы қалаларының бюджетін дамыту үшін нысаналы даму трансферттерді аудару, "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" ҚР Заңын жүзеге асыруға сәйкес бекітілген қабылданған заңнама бойынша жобалық-сметалық құжаттарын іске асыру: - С.Сейфуллин атындағы Қарағанды | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Астана мен Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | облыстық қазақ драма театрының ғимаратын салу ( Техника-экономикалық негіздемеге Мемлекеттік сараптаманың 15.02.2005ж. N 12-15/05 қорытындысы); Астана қаласының тұрғындары үшін қысқамерзімді демалыс аймағы - " Қоянды" су қоймасының құрылысы ( Техника-экономикалық негіздемеге Мемлекеттік сараптаманың 15.07.2004ж. N 2-321/04 қорытындысы ); - Астана қаласында 3500 орындық әмбебап киноконцерт залының құрылысы, оның ішінде тауар жеткізілмеген, толық жеткізілмеген немесе сапасыз жеткізілген жағдайда Тапсырыс берушіге төленген аванс сомасын сөзсіз қайтаруды қамтамасыз ететін сақтандыру полисін мердігер ұйым беретін болса, материалдар мен жабдықтарға тапсырыс беру үшін оның құнының елу пайызынан аспайтын мөлшерде аванс аудару ( Техника-экономикалық негіздемеге Мемлекеттік сараптаманың 22.02.2006ж. N 2-93/06 және 19.05.2006ж. N 2-238/06 қорытындысы); - Алматы облысы Қарасай ауданы Шамалған ауылындағы мәдениет үйіне жаңғырту жүргізу ( Техника-экономикалық негіздемеге Мемлекеттік сараптаманың 14.09.2004ж. N 20-320/204 қорытындысы); - Отырар қалашығы мен Отырар шұратындағы қазбалар үстіне жабынды құрастырма салу; - Конгресс-холл құрылысын салу, оның ішінде тауар жеткізілмеген, толық жеткізілмеген немесе сапасыз жеткізілген жағдайда Тапсырыс берушіге төленген аванс сомасын сөзсіз қайтаруды қамтамасыз ететін сақтандыру полисін мердігер ұйым беретін болса, материалдар мен жабдықтарға тапсырыс беру үшін оның құнының елу пайызынан аспайтын мөлшерде аванс аудару; - "Шабыт" шығармашылық сарайын салу, оның ішінде тауар жеткізілмеген , толық жеткізілмеген немесе сапасыз | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жеткізілген жағдайда Тапсырыс берушіге төленген аванс сомасын сөзсіз қайтаруды қамтамасыз ететін сақтандыру полисін мердігер ұйым беретін болса, материалдар мен жабдықтарға тапсырыс беру үшін оның құнының елу пайызынан аспайтын мөлшерде аванс аудару. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.09.25.* N 834 *қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Астана қаласының тұрғындары үшін "Қоянды" су қоймасындағы қысқамерзімді демалыс аймағының және С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрының ғимаратын салу және Астана қаласында 3500 орындық әмбебап киноконцерт залының құрылыс жұмыстарының орындалуы. Алматы облысы Қарасай ауданы Шамалған ауылындағы мәдениет үйіне жаңғырту жүргізу және Отырар қалашығы мен Отырар шұратындағы қазбалар үстіне жабынды құрастырма салу жұмыстарының орындалуы. Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама және Конгресс-холл мен "Шабыт" шығармашылық сарайының құрылысын бастау.
Түпкі нәтиже: мәдени нысандарды пайдалануға беру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: жобалардың жүзеге асу тиімділігіне жүргізілген талдау қорытындысы бойынша.
Уақтылығы: жасалған келісімшарттар мен жұмыс өндірісіне байланысты кестесіне сәйкес.
Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
71-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау"
деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 811253 мың теңге (сегіз жүз он бір миллион екі жүз елу үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Заңының 31-

бабы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 " Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қарашадағы N 1161 "2006-2008 жылдарға арналған мәдениет саласын дамыту бағдарламасын бекіту туралы" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мәдениетті дамытуға және тарихи-мәдени құндылықтарды сақтауға жағдай жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жүйелік комплектілеу негізінде мәдени-ағарту және ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыру, тарихи-мәдени ескерткіштер мен мұражайлық маңызы бар заттарды зерттеу мен әйгілендіру, еліміздің ұлттық мәдени игілігін мұражай ісі саласында қолдану мен зерттеу үрдісін материалдық-техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау | Бейнелеу өнері, қолданбалы өнер, халық шығармашылығы, антиквар және көркем фотосурет көрмелерін өткізуді ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету; тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау, тіркеу, жинақтау және қайта жөндеуді қамтамасыз ету бойынша " Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайы", "Қазақстан Республикасының Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы", "Музыкалық үрмелі аспаптардың бірегей мемлекеттік коллекциясы мұражайы", "Республикалық кітап мұражайы" және "Ордабасы Ұлттық-тарихи-мәдени қорығының" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарының жұмысын қамтамасыз етуге ағымдағы трансферттер бөлу. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес негізгі құралдарды сатып алу үшін берілген күрделі трансферттер:<br>- "Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайына", " Қазақстан Республикасының Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайына", "Музыкалық үрмелі аспаптардың бірегей коллекциясына", "Республикалық кітап мұражайы", "Ордабасы ұлттық тарихи-мәдени қорығына". "Қазақстан Республикасының Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратында күрделі жөндеудің 1 кезеңін жүргізуге күрделі трансферттер.<br>- Зергерлік өнер мен ұсталық шеберлікті дамыту мақсатында тарихи ескерткіштерді сақтау және зерттеу, жүйелендіру, жиналуын жүзеге асыру. Негізгі активтерді сатып алу.<br>Қазақстанда мемлекеттік мұражай бейнесін жасау және тарихын көрсету үшін тарих және мәдениет ескерткіштерін жинау, жүйелеу, сақтау және зерттеу үрдістерін ғылыми әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру. Мемлекеттік сараптама қорытындысы мен жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес күрделі жөндеу жүргізу. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес негізгі активтерді сатып алу. | | Мемлекеттік алтын және бағалы металдар мұражайы<br><br>Қазақстан Республикасы Президенттік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | мәдени орталығы |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже:
- мұражайтану жөнінде 250 лекция өткізу;
- 4100 экскурсия өткізу;
- мұражайтану саласында 150 ғылыми мақала жариялау;
- 30 халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысу;
- 5 халықаралық ғылыми-форумға қатысу;
- 15 халықаралық ғылыми-практикалық семинарға қатысу;
- мұражай тану мәселесі бойынша 400 ғылыми кеңес өткізу;
- 110 тақырыптық көрме өткізу;
- 3 ғылыми-теориялық симпозиумға қатысу;
- 35 жылжымалы көрме өткізу;
- 27 басқа іс-шаралар өткізу (дөңгелек үстелдер және т.б.);
- 1000 экспонатты қалпына келтіру.

Алтын және бағалы металдар мемлекеттік мұражайы қорларын толықтыру үшін экспонаттар, Қазақстан территориясының археологиялық картасын және археологиялық бұйымдардың көшірмесін сатып алу.

Қазақстан Республикасының Президенттік мәдени орталығына әдебиеттер, 3 бірліктен аз емес активтер сатып алу.

"Қазақстан Республикасының Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратында күрделі жөндеудің 1-кезеңін жүргізу.

Қазақстан Республикасының Президенттік мәдени орталығы ғимаратында күрделі жөндеудің 1 кезеңін жүргізу.

Түпкі нәтиже: мұражайлық мәндегі және тарихи мәдени ескерткіштерді танымалдандыру және жүйелі комплектілеу негізінде мәдени-ағарту және ғылыми зерттеу қызметін жүргізу. "Қазақстан Республикасының Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратында күрделі жөндеу жүргізудің 19 пайыз және Қазақстан Республикасының Президенттік мәдени орталығы ғимаратында күрделі жөндеу жүргізудің 33 пайыз орындау.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір экспонаттың сақталуын қамтамасыз етудің орташа шығыны - 2026 теңге.

Уақтылығы: іс-шараларды бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес атқару.

Сапасы: республика халқының мәдени-рухани деңгейін арттыру және Қазақстанның ерекше тарихи-мәдени мұраларымен әлемдік қауымдастықты таныстыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
72-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз ету" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1 060 820 мың теңге (бір миллиард алпыс миллион сегіз жүз жиырма мың теңге).

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы , 1992 жылғы 2 шілдедегі "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 34 және 36-баптары , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 1052 "Алматы облысында "Тамғалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи мұражай-қорығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1009 " 2005-2009 жылдарға арналған "Көне Отырарды қалпына келтіру" бағдарламасы" атты қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 " Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мұражай-қорықтардың құрамына кіретін мәдениет тарихы ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету, тарихи және мәдени ескерткіштерді салу және жаңғырту, елдің мәдени мұрасын тиімді пайдалану, туризмді дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ескерткіштер мен еске алу орындарын мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету, жаңа ескерткіштерді анықтау, археологиялық экспедициялар мен экскурсияларды жүргізу, ескерткіштерді қайта жаңғырту. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қайта жаңарту, консервациялау және салу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | | Кіші бағдарлама | Бағдарламаның | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Бағдарлама коды | коды | (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз ету | Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайының аумағында орналасқан археологиялық және архитектуралық тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау. Негізгі құралдарды сатып алу. "Ұлытау" Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорығының аумағында орналасқан археологиялық және архитектуралық тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау. Негізгі активтерді сатып алу. "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының аумағында орналасқан археологиялық және архитектуралық тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау. Негізгі активтерді сатып алу. "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық Абай қорық-мұражайының аумағында орналасқан археологиялық және архитектуралық тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау. Мемлекеттік сараптама қорытындысы мен жобалық-сметалық құжат негізінде күрделі жөндеу жүргізу. Негізгі активтер сатып алу. "Көне Тараз ескерткіштері" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының аумағында орналасқан археологиялық және архитектуралық тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау. "Тамғалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайының аумағында орналасқан археологиялық және | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы "Ұлытау" Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорығы "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұрайы "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық Абай қорық-мұражайы "Көне Тараз ескерткіштері" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы "Тамғалы" мемлекеттік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | архитектуралық тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау. Негізгі құралдарды сатып алу. | | тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы |
| 3 | | 101 | Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қалпына келтіру | Ежелгі мешіттерді, тарихи кешендерді, кесенелерді және архитектуралық-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру және қайта жаңарту жұмыстарын жүргізу. Бұйымдарын қайта жаңарту және консервациялау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |
| 4 | | 102 | Қазақ халқының мәдени мұрасын зерттеу жүйесін құру | ЮНЕСКО-ның алдын-ала тізіміне енгізілген мәдени және аралас объектілерді қорғау зонасы мен территориясының шекарасын анықтау бойынша жұмыстар жүргізу. Қазақстанның тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін қайта қарау және нақтылау, Қазақстанның дүниежүзілік, республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін басып шығару үшін материалдар дайындау. Ақмола, Ақтөбе және Павлодар облыстарының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығын басылымға дайындау. Монғолия территориясында табылған руникалық жазумен жазылған ескі түріктік тас мүсінінің көшірмесін қайта жаңарту. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |
| 5 | | 103 | Тарихи - мәдени мұра ескерткіштерін салу | Петропавл қаласында»"Абылай хан резиденциясы" кешенін қайта жаңғырту жөніндегі жұмыстарды аяқтау. Минск қаласында жауынгерлерге стела орнату жөніндегі жұмыстарды аяқтау. Душанбе қаласында тәжік-ауған шекарасын күзету жөніндегі қызметін атқару кезінде қаза болған қазақстандық жауынгерлердің құрметіне Монумент орнату | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже:
- Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы: тасымал компьютер,

компьютер қондырғыларының комплектісін сатып алу - 2 комплект сатып алу;
- "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорығы: компьютер қондырғыларының комплектісін сатып алу - 2 бірлік, үстелдер - 6 дана, тумбалық үстелдер - 10 дана және орындықтар - 11 дана сатып алу;
- "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы: мұражай экспозициясына арналған экспонаттар сатып алу - 150 дана, мұражайдың ғылыми кітапхана қорын толықтыру үшін әдебиеттер - 600 дана, археология және этнография музейі үшін кондиционерлер және кеңсе жиһазын сатып алу;
- "Жидебай-Бөрілі" Абай мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалды қорық-мұражайы: тоңазытқыш, компьютер қондырғыларының комплектісін - 5 комплект, экспонаттар - 25 бірлік, сандық бейнекамера және кескіш сатып алу;
- "Тамғалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы: далалық археологиялық құрал және газбен дәнекерлеуші аппарат сатып алу.
"Жидебай-Бөрілі" Абай мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайында күрделі жөндеу жүргізу.
2006 жылы басталған жалғасатын тарихи кешендерді қалпына келтіру және консервациялау жүргізу: Семей қаласындағы ежелгі бірмұнаралы және екімұнаралы мешіттер, XIX ғасыр, Берел қорымынан алтын археологиялық бұйымдар (б.з.д. Y-IV ғ.) ; Ақыртас сарай кешені (VI-VIII ғғ.); Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің әшекейлеу және өңдеу бөліктерінде жөндеу жұмыстары және шатырын қайта құру; Тұрбат архитектуралық-мәдени кешені нысандарын қайта жаңарту (Ысқақ ата және Жәбірейіл ата мавзолейлері, XIII-XVI ғ.); Баба ата қорғанды-сарай кешені ескерткіштері (XVII ғ.).
2007 жылға жоспарлаған кесенелерді қайта жаңарту және консервациялау жұмыстарын жүргізу: "Ботағай" кесенесі, XI-XII ғғ. "Қарақожа" мешіті, XVIII ғасыр; "Қара-сопы" кесенесі; "Қараман-Ата" ескерткіші, XVII ғасыр; Мақыл-Там кесенесі XIX ғасыр; ежелгі қала Сайрамның архитектуралық ескерткіштері, VI-XVII ғасыр; Шаян ауылында мешіт-медіресе, XIX ғасыр; Жүсіп-Ата мешіті мен кесенесі, XVI-XIX ғ.; Қалжан-Ахун мешіт-медіресесі; Мола-Қалан кесенесі; Бөкей Ордасының Хан тағының кешені; Аққесене мұражайы; "Қарақұла" кесенесі; Орал қаласында бірінші әскери училищесінің ғимараты, Дамаск қаласында (Сирия) Сұлтан Бейбарыс кесенесі.
Қазақ халқының мәдени мұрасын ЮНЕСКО-ның алдын-ала тізіміне қойылған мәдени және аралас объектілерді қорғау зонасы мен территориясының шекарасын анықтау бойынша жұмыстар жүргізуді қарастыратын 4 бағыт бойынша зерттеу жүйесін жасау; Қазақстанның тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін қайта қарау және нақтылау, Қазақстанның дүниежүзілік республикалық және жергілікті маңыздағы тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін басып шығару үшін материалдар дайындау; Ақмола, Ақтөбе және Павлодар облыстарының тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жиынтығын басылымға дайындау, Монғолия территориясында табылған руникалық жазумен жазылған ескі түріктік тас мүсінінің

көшірмесін қайта жаңарту.
Петропавл қаласында»"Абылай хан резиденциясы" кешенін қайта жаңғырту жөніндегі жұмыстарды аяқтау. Минск қаласында жауынгерлерге стела орнату жөніндегі жұмыстарды аяқтау. Душанбе қаласында тәжік-ауған шекарасын күзету жөніндегі қызметін атқару кезінде қаза болған қазақстандық жауынгерлердің құрметіне Монумент орнату.
Түпкі нәтиже: елдің мәдени мұрасын зерттеу, қорғау, пайдалану мен насихаттауға байланысты ұлттық мәдениеттің сақталуы мен жаңғыруы.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 нысанды қайта жаңартудың орташа шығын құны 30,3 млн.теңге.
Уақтылығы: бекітілген кестеге сәйкес қайта жаңарту жұмыстарын орындау, қалпына келтіру, консервациялау, негізгі активтерді сатып алу, ескерткіштерді уақытында жасау, үнемі сақтау, тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін тіркеу және танымал ету.
Сапасы: тарих және мәдениет көне ескерткіштерінің көпғасырлық дәстүрлерін сақтау және дамыту.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
73-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Ұлттық фильмдер шығару"
деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 994682 мың теңге (тоғыз жүз тоқсан төрт миллион алты жүз сексен екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ұлттық кинематографияны дамыту, республика тұрғындарының мәдени-эстетикалық, рухани қажеттілігін қанағаттандыру, ұлттық фильмдердің халықаралық имиджін нығайту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттің, қоғам мен тұлғаның даму

болашағы мен бүгінгі күнгі жағдайын, тарихын бейнелейтін әралуан түрдегі және жанрдағы киношығармашылығын жасау жолы арқылы ұлттық киноөнерін дамытуды қамтамасыз ету;
қазақ халқының сан ғасырлық тарихы барысында қалыптасқан терең философиялық-рухани негіздері мен құндылықтарын бейнелеу, гуманистік идеалдарға, адамгершілік пен патриотизмге негізделген кинематографиялық тақырыптарды игеру; әлеуметтік-қоғамдық, саяси, экономикалық, мәдени өмірдегі қазақ халқының қазіргі жетістіктерін деректі, көркем, анимациялық кино құралдары арқылы көрсету; өмірді дәлелдететін ұстанымды Замандас бейнесін бейнелейтін киношығарма жасау үшін шығармашыл зиялыларды біріктіру және шоғырландыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Ұлттық фильмдер шығару | Ауыспалы көркем фильмдер өндірісі: "Махамбет қанжары", "Мұстафа Шоқай", "Ауылым" комедиясы, " Айнұр", "Қош бол Гүлсара", "Келін", " Ауылым әнім", "Ең жақсы". Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің бұйрығымен бекітілген тақырыптық жоспарға сәйкес көркем, деректі және анимациялық (мультипликациялық) фильмдерді шығару. Үздіксіз кинотехнологиялық үрдісті қамтамасыз ету - фильм түсіруге, шығаруға және басуға арналған, сондай-ақ алғашқы фильм материалдары мен фильм көшірмелерін сақтауды қамтамасыз етуге арналған шикізат пен материалдарды сатып алу. Ұлттық фильмдерді дубляждау. Сценарийлік резервті қалыптастыру. Ұлттық фильмдерді сақтау. Ұлттық фильмдерді таралымдау және дистрибьюциялау - жалға беруге және сатуға шығарылатын фильмдердің қажетті мөлшерін көшіру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: мәдениет саласында Қазақстанның мемлекеттік саясатын жүзеге асыруға бағытталған және кинематография құралдары арқылы елдің әлеуметтік

экономикалық дамуын көрсететін жаңа фильдермен фильм қорын молайту; тарихи тақырыптағы, классикалық қазақ әдебиетінің шығармаларын және қазіргі заман тақырыбындағы фильмдерді экранизациялау шығармалары енгізілген 8 ауыспалы көркем фильм шығару жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;
тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихында қайталанбас маңызы бар тарихи оқиғаларды бейнелейтін қазақ халқының кемеңгер тұлғалы ұлдарының өмірі және қызмет тарихын деректі кино құралдары арқылы бейнелейтін 5 деректі фильм шығару;
қазақ халқының сан ғасырлық тарихы барысында қалыптастырған гуманистік патриоттық идеалдар мен құндылықтар тұрғысында жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелейтін балалар мен жасөспірімдерге арналған 4 анимациялық фильм шығару;
6 жаңа көркем фильм шығару.
Түпкі нәтиже: республика тұрғындарының идеологиялық тәрбиесінде ұлттық фильмдердің рөлін арттыру.
Халықаралық аренада мемлекеттің имиджді саясатын кинематография құралдарымен жылжыту, тұрғындардың мәдени деңгейін көтеру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: көркем фильмді шығарудың орташа құны - 62 117 мың теңге, деректі фильмді шығарудың орташа құны - 3600,0 мың теңге, анимациялық фильмді шығарудың орташа құны - 5 000,0 мың теңге.
Уақтылығы: тақырыптық жоспарға сәйкес ұлттық фильмдерді түсіру жөніндегі мемлекеттік тапсырысты уақытында орындау.
Сапасы: халықаралық фестивальдарға, кинофестивальдар мен байқауларға қатысу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
74-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Мұрағат қорын сақтауды қамтамасыз ету"
деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 274505 мың теңге (екі жүз жетпіс төрт миллион бес жүз бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 1998 жылғы 22 желтоқсандағы "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; 2004 жылғы 20 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару мен бюджеттік қатынастар деңгейі арасындағы өкілеттікті шектеу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; 1999 жылғы 7 қазандағы N 1538 " Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қоры туралы Ережені бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы ; 2002 жылғы 28 мамырдағы N 578 "Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қоры туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы ; 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 445 "Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі Комитеттің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы ; 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері жөніндегі" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы ; 2005 жылғы 1 наурыздағы N 183 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Археография және деректану Ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы ; 2006 жылғы 19 шілдедегі N 692 "Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы ; 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 "2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындаудың жүйелі кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан халықтарының тарихи-деректі мұраларын сақтауды қамтамасыз ету және оны ғылымды, мәдениетті дамыту мақсатында қолдану, азаматтар мен мемлекеттің сұранысын қанағаттандыру, мемлекеттің мұрағат ісі және құжаттама жүйесінің моделін одан әрі жетілдіру және дамыту үшін жағдай жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын толықтыруды қамтамасыз ету, мұрағат ісі, құжаттану саласында басқару, сақталуды, мемлекеттік есепке алу және арнайы пайдалануды, дыбыстық бейнелік және ғылыми-техникалық құжаттамамен ғылыми-зерттеу мен ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүргізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мұрағат қорын сақтауды қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Мұрағат құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету | Қамтамасыз ету: Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорында орталық заңнамалық атқарушы, сот органдары мен басқа республикалық заңды тұлғалардың қызметіне арналған құжаттарды сақтау; өз саласы бойынша жинақталған құжаттар бойынша ғылыми ақпарат алу және жариялау, оның арнайы пайдаланылуын ұйымдастыру.<br>Жоба сметалық-құжаттама мен мемлекеттік сараптама қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің Орталық мемлекеттік мұрағаты ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу.<br>Қамтамасыз ету: Қазақстан Республикасы<br>Ұлттық мұрағат қорында, республикалық мемлекеттік заңды тұлғалар қызметіне арналған кинофотофоноқұжаттар және бейнефонограммаларды сақтау, ғылыми әзірлемелер дайындау және пайдалану; өз саласы бойынша құжаттарды пайдалану, жариялау, ғылыми ақпараттар алуды ұйымдастыру.<br>Қамтамасыз ету: Республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың қызметіне арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының ғылыми-техникалық құжаттамаларын пайдалану, ғылыми әзірлемелер дайындау, сақтау; өз саласы бойынша құжаттарды жариялап, пайдаланып, ғылыми ақпарат алуды ұйымдастыру.<br>Қамтамасыз ету: Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорындағы құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету бойынша жұмыс кешенін орындау; мұрағат құжаттары көшірмесінің, құжаттардың және мемлекеттік | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Орталық мемлекеттік мұрағаты<br><br>Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Кинофотоқұжаттар және дыбысжазбалар орталық мемлекеттік мұрағаты<br><br>Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті ғылыми-техникалық |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мұрағаттармен даярланған басқа да баспа өнімдерінің типографиялық басылымы мен көбеюінің мемлекеттік сақтау қорын құру; Негізгі құралдарды сатып алу. Қамтамасыз ету: анықтамалық-ақпараттық қорды ( ААҚ), мұрағаттану, құжаттану, қосымша тарихи пәндер теориясы мен тәжірибесі саласында ақпаратты есепке алу мен жүйелеуді құру жұмысы. Қамтамасыз ету: шетелден әкелінген Қазақстан тарихына қатысты мұрағаттық құжаттармен (көшірмелерімен) Қазақстан Республикасының ұлттық мұрағат қорын толықтыру, мұрағаттану, құжаттану, археография және деректану мәселесі бойынша теориялық, ғылыми-әдістемелік әзірлемелер дайындау жұмысы. Қамтамасыз ету: Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағатында, Ұлттық компаниялар мен жеке мұрағаттардағы орталық заңнамалық, атқарушы, сот органдары мен басқа да республикалық заңды тұлғалардың қызметіндегі мұрағат құжаттарының барлық түрлерінің сақталуы мен толықтырылу жұмысы. Негізгі құралдарды сатып алу. | | құжаттама орталық мемлекеттік мұрағаты<br><br>Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Шағын фильм жасау және мемлекеттік мұрағаттардағы құжаттық материалдарды қалпына келтіру орталық лабораториясы<br><br>Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы<br><br>Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Археография және деректану ұлттық орталығы<br>Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | | 101 | Мұрағат істерін және құжаттама жүйелерін дамыту | Республикалық ғылыми-тәжірибелік семинарлар, мұрағат құжаттарымен басылымдардың көрмелерін өткізу, "Қазақстан мұрағаттары" веб-сайтының жұмыс жасауын қамтамасыз ету, мұрағат құжаттарын іздестіру үшін шет ел мемлекеттерінің мұрағаттарына ғылыми экспедициялар ұйымдастыру, шетел мемлекеттерінің мұрағаттарында, ғылыми орталықтарында, институттарда мұрағат ісі мамандарын тәжірибе алмасуға жіберу. Қазақстан Республикасында тарихи құндылығы бар Сирек қолжазбаларды, аса құнды құжат коллекцияларды сатып алу. | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры құжаттарының 1654000 бірлігін сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті шарттарға қол жеткізу;
- "Қазақстан Мұрағаттары" журналын 1000 дана тиражбен шығару;
- 45 саяхат өткізу;
- 4 семинар өткізу;
- Мұрағат құжаттарының 15 көрмесін өткізу;
- Мұрағат құжаттарының 220 000 бірлігін қайта қалпына келтіру;
- Мұрағат құжаттары көшірмесінің 520 000 шағынфильмдерінің сақтандыру қорын құру;
- Мұрағат құжаттары көшірмесінің 520 000 микрофильмдерінің пайдалану қорын құру;
- шет елдердегі мұрағаттарға, кітапханаларға ғылыми экспедиялар (іс сапарлар) ұйымдастыру;
- 263 толықтыру көздері болып табылатын мекемелерге әдістемелік көмек көрсету және кеңес беру;
- әлеуметтік-құқықтық сипаттағы, соның ішінде, 1700 ұсыныстарды орындау;
- 150 тақырыптық ұсыныстарды орындау;
- БАҚ-та 30 мақала жариялау;
- зерттеушілерге 22500 сақтау бірлігін оқу залы арқылы беру;
- Тұрақты сақталатын 6000 істер тізімдемесін талдау-сараптамалық комиссиясында бекіту;
- Халықаралық мұрағаттар кеңесі Еуразиялық аймақтық бөлімшесінің 8-жалпы конференциясын өткізу;

- мамандардың кәсіптік деңгейін көтеру және жұмыс тәжірибесіне халықаралық тәжірибені ендіру үшін шетел мемлекеттерінің мұрағаттарына, ғылыми орталықтарына және институттарына мұрағат ісі саласындағы қызметкерлерді тәжірибе алмасуға жіберу;
- "Қазақстан Мұрағаттары" веб-сайты қызметінің құралдары арқылы мұрағат ісі мен құжаттама саласындағы жаңа нормативтік және әдістемелік әзірлемелермен ақпараттандыру;
Орталық мемлекеттік мұрағат ғимаратын күрделі жөндеудің 2 кезеңін аяқтау.
Сатып алу:
- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат Комитеті мемлекеттік мұрағаттардың деректі материалдарын шағынфотокөшірмелеу және қайта жаңғырту орталық зертханасына: мұрағаттық құжаттарды шағынфотокөшірмелеу үшін құралдарын;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағатына: компьютерлік қондырғы - 40 жабдық; серверлер - 2 бірлік, көшірме аппараты - 2 бірлік; 15 сейф, шағын нысандарды оқу үшін қондырғы - 1 бірлік, экспозициялық витриналар - 30 бірлік.
Тарихи және мәдени мұраларды сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы үшін тарихи және мәдени құндылығы бар бірегей қолжазбаларды, құжаттар көшірмелерін, аса құнды құжаттық коллекцияларды, жеке қорларды сатып алу (шағын фильмдер жасау).
Соңғы нәтиже: ұлттық мұрағат қоры құжаттарын сақтауды қамтамасыз ету және пайдалану жөніндегі іс-шараларды өткізу, мемлекеттік мұрағат мекемелерінің қызмет ету, материалдық-техникалық базасын жетілдіру, мұрағат ісі және құжаттама жүйесінің моделін әрі қарай дамыту және жетілдіру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: мұрағат құжаттарының бір бірлігін сақтау (басқару, ғылыми-техникалық құжаттама істері, бюкс, негатив және позитив кадрлер, магнитті диск, слайд, шағынфиша, жеке қор құжаттары) 118 теңгені құрайды.
Уақтылығы: мемлекеттік мұрағаттық мекемелер жұмысының бекітілген жоспарына сәйкес.
Сапасы: мемлекет пен қоғам сұранысын өткенді шолатын ақпаратпен қанағаттандыру және сақталу жағдайын жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
75-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шаралар өткізу"

деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1 295 923 мың теңге (бір миллиард екі жүз тоқсан бес миллион тоғыз жүз жиырма үш мың теңге).

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Заңының 31-бабы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі N 1465 " Мерейтойлар мен атаулы күндерді өткізу туралы" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 "Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері"; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қарашадағы N 1161 "2006-2008 жылдарға арналған мәдениет саласын дамыту бағдарламасын бекіту туралы" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мәдениетті дамыту үшін жағдай жасау, классикалық және халық өнерінің жақсы дәстүрлерін сақтау, әлемдік мәдени кеңістікке ұмтылу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : өнердегі шығармашылық үрдістерін үздіксіз дамыту, ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарды және Қазақстанның қазіргі заманғы мәдени жетістіктерін насихаттау; өнер мен мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызды іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу; жаңа таланттарды анықтау, шығармашылық ұжымдардың кәсіби деңгейін жетілдіру; шетелдерде Қазақстанның оң имиджін қалыптастыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 011 | | Әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шаралар өткізу | Әлеуметтік маңызды және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу: "Елім менің" республикалық патриоттық әндер байқауы; "Жас Қанат" республикалық жас орындаушылар байқауы; Балалар шығармашылығының республикалық байқаулары; | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "Үлгілі мәдениет жұмыскері" атты мәдениет жұмыскерлері кәсіби шеберлігінің республикалық байқауы;<br><br>Қазақстандық орындаушылардың халықаралық байқауларға қатысуы және дарындар мен көрнекті орындаушылардың әлемнің үздік сахналарында өнер көрсетуі; Шығармашылық ұжымдардың шетелдерде халықаралық театр фестивальдеріне қатысуы; Қазақстан фильмдерінің халықаралық кинофестивальдер бағдарламасына қатысуы; Ә.Қашаубаев атындағы республикалық дәстүрлі орындаушылар байқауы; Халықаралық вокалистер байқауы; "Астана - Бәйтерек" ұлттық байқауы; XV Республикалық драма театрлар фестивалі; "Алматы - менің бірінші махаббатым" фестивалі; Қуыршақтар театрларының халықаралық фестивалі; "Опералия" халықаралық фестивалі; Қазақстанның өнер одақтарымен бірлесе отырып қоғамдық-маңызды көркем шығармаларын жасауға арналған гранттарды алу бойынша байқаулар өткізу; Қазақстан композиторларының қазіргі заманғы әуендер фестивалі; Шернияз Жарылғасынұлының 200 жылдығы; Тұрмағамбет Ізтілеуовтің 125 жылдығы; Сүгір Әлиұлының 125 жылдығы; Ғали Ормановтың 100 жылдығы; Әлжаппар Әбішевтің 100 жылдығы; Дихан Әбіловтің 100 жылдығы; Наурыз мейрамы; Халықаралық әйелдер күні; Қазақстан халықтарының бірлік күні; Жеңіс күні; Конституция күні; Республика күні; Тәуелсіздік күні; Өзбекстандағы Қазақстан мәдениеті күндері; ҚХР-дағы Қазақстан мәдениет күндері; Қазақстандағы Тәжікстан мәдениеті | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | күндері; Украинадағы Қазақстан жылы бойынша іс-шаралар; Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы шеңберіндегі іс-шараларына қатысу; ТЮРКСОЙ іс-шараларына қатысу; Шетел шеберлерінің қатысуымен театр өнері қайраткерлерінің республикалық практикумы (Астана қаласы); "Бүгінгі ауыл мәдениеті: жағдайы мен болашағы" атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу; Жетекші театр режиссерларының, менеджерлерінің, сахна қоюшыларының, дирижерлардың, балетмейстерлерінің қатысуымен мастер-класстар; Шетелге кәсіби көркем ұжымдарының күшімен Қазақстанның өнер жетістіктерін көрсету; Қазақстанға гастрольге жетекші шығармашылық ұжымдарды, солистерді, орындаушыларды шақыруды ұйымдастыру; Жақын және алыс шет елдеріне Қазақстан кино күндерін өткізу; "Алтын Орда кезеңіндегі мәдениет және өнер" атты халықаралық симпозиум өткізу; Қазақстанда Третьяков галереясы (Ресей Федерациясы) қорларынан өнер туындыларының көрмесін ұйымдастыру; Жақын және алыс шет елдері мұражайларында республикалық мұражай қорларындағы өнер туындыларының және республиканың жетекші суретшілерінің көрмелерін ұйымдастыру; Александрия кітапханасында (Мысыр) Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханасы қорынан көрме ұйымдастыру; Алматы қаласында өнер туындылары аукционын ұйымдастыру; Мемлекет басшысының шетелдік делегациялармен ресми кездесулер шеңберінде концерттік іс-шараларды өткізу; Орталық Азияда "Ақпаратты қоғамда ақпараттық сауаттылық және ақпараттық мәдениет" атты | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | кітапханалар форумын (халықаралық оқу конгресін) өткізу; "Жібек Жолы меруерті" атты фотокөрме өткізу; Еуразия-2007 халықаралық кинофестивалі. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің шығармашылық және ғылым саласындағы зиялыларының екінші форумы; Мәдениет пен ұлттық дәстүрлерді дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: келесі іс-шараларға қатысу және өткізу: кемінде 7 байқау, 6 мерейтойлық іс-шаралар, 8 фестиваль, 7 мерекелік күндер, 25 басқа да іс-шаралар.
Түпкі нәтиже: халықтың мәдени деңгейін көтеру, Қазақстан туралы шетел азаматтары білімдерінің кеңеюі, өнер және мәдениет қайраткерлерінің шығармашылық әлеуетінің өсуі.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір іс-шараны жүргізуге жұмсалатын шығынның орташа құны 24 644 мың теңге.
Уақтылығы: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығымен бекітілген жоспарға сәйкес әлеуметтік-маңызды іс-шаралар өткізу.
Сапасы: адамдардың рухани қажеттілігін қанағаттандыру. Республикалық және халықаралық деңгейде имиджді арттыру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
76-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Театр-концерт ұйымдарының жұмысын қамтамасыз ету" деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 3381841 мың теңге (үш миллиард үш жүз сексен бір миллион сегіз жүз қырық бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 "Қазақстан

Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері" қаулысы ; 2005 жылғы 24 қарашадағы N 1161 "2006-2008 жылдарға арналған мәдениет саласын дамыту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықтың рухани әлеуеті мен мәдени деңгейін арттыру, қазақстандық орындаушылардың шығармашылық шеберлігін және Қазақстан мәдениеті жетістігін дәріптеу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасы театр-концерт ұйымдарының тұрақты жұмысын ұйымдастыру, өндірістік-шығармашылық үрдістерді қамтамасыз ету; жаңа спектакль қойылымдары мен концерттік бағдарламаларды жүзеге асыру; репертуардың жанрлық-тақырыптық мазмұнын толтыру; аумақтардың көрермендеріне қызмет көрсету географиясын кеңейтумен Қазақстан және одан тыс аумақтарға гастрольдік сапарларды жүзеге асыру; халыққа арналған театр-концерт ұйымдарының қызметі жалпының қол жетуін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Театр-концерт ұйымдарының жұмысын қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының азаматтарын - жеткіншек ұрпақтарды эстетикаға және адамгершілікке тәрбиелеуге бағытталған қазақ халық музыкалық-поэтикалық шығармашылығын, қазіргі композиторлардың шығармаларын, әлемдік мәдениеттің озық үлгілерін насихаттау жөніндегі қызмет түрін орындау.<br>15 республикалық театр-концерт ұйымдарының ағымдағы трансферттерін бөлу жолымен оларды мәдени өмір саласына енгізу мақсатында республика халқының барлық топтарына арналған театр-концерт шараларына қол жетуін қамтамасыз ету: Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрына, К.Байсеитова атындағы ұлттық опера және балет театрына, М.Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | театрына, М.Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрына, Ғ.Мүсірепов атындағы мемлекеттік балалар мен жасөспірімдерге арналған академиялық қазақ театрына, Н.Сац атындағы мемлекеттік балалар мен жасөспірімдерге арналған академиялық орыс театрына, Мемлекеттік республикалық музыкалық комедиялық ұйғыр театрына, Мемлекеттік республикалық музыкалық комедиялық корей театрына, Республикалық неміс драма театрына, Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясына, Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік халық аспаптар академиялық оркестріне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік " Салтанат" би ансамбліне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік академиялық би театрына, Классикалық музыканың "Қазақстан камераты" ансамбліне, "Ақ жауын" мемлекеттік камералы оркестріне. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес негізгі құралдарды сатып алу күрделі трансферттерін аудару:<br>Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрына, К.Байсеитова атындағы ұлттық опера және балет театрына, М.Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрына, М.Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрына, Ғ.Мүсірепов атындағы мемлекеттік балалар мен жасөспірімдерге арналған академиялық қазақ театрына, Н.Сац атындағы мемлекеттік балалар мен жасөспірімдерге арналған академиялық орыс театрына, Мемлекеттік республикалық музыкалы комедиялық ұйғыр театрына, Мемлекеттік республикалық музыкалық комедиялық корей театрына, Республикалық неміс драма театрына, Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясына, Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік халық аспаптар | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | академиялық оркестріне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік "Салтанат" би ансамбліне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік академиялық би театрына, Классикалық музыканың "Қазақстан камераты" ансамбліне, "Ақ жауын" мемлекеттік камералық оркестріне. Ғимараттарды күрделі жөндеуге күрделі трансферттер: М.Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры, Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясына, Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік халық аспаптар академиялық оркестріне, Республикалық неміс драма театрына. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығымен бекітілген Жоспарға сәйкес Қазақстан және шет елдеріне гастрольдік сапарларды, сондай-ақ жаңа қойылымдарды іске асыру. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: кем дегенде 1857 спектакльдер, концерттер өткізу; республикалық театр-концерт ұйымдарына кем дегенде 45 763 көрерменнің келуін қамтамасыз ету;

15 республикалық театр-концерт ұйымдарының негізгі құралдарын сатып алуға күрделі трансферттер;

М.Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының күрделі жөндеуін аяқтау;

Республикалық неміс драма театрының күрделі жөндеуін жүргізу;

Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясы мен Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік халық аспаптар академиялық оркестрі ғимараттары күрделі жөндеуінің 1 кезеңін жүргізу.

Келесі бағыттар бойынша негізгі құралдарды сатып алу: дыбыстық, жарықтық, музыкалық қондырғылар; компьютерлік техника; костюмдер, сахна киімдерін тігу; жиһаз, музыкалық аспаптар, техникалық қондырғылар, тұрмыс техникаларын сатып алу.

Түпкі нәтиже: республика халқын мәдени қызмет көрсетумен толық қамту, репертуарды жанрлық-тақырыптық жаңа шығармалармен толықтыру, 1 театрдың күрделі жөндеуін жүргізуді 100% қамтамасыз ету, 1 оркестрдің күрделі жөндеуін 38%, филармонияның - 45% және 2-театрдың 97,3% орындау.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: спектакль, концерт, опера өткізудің орташа құны - 10 000 мың теңге.

Уақтылығы: репертуарлық жоспарға сәйкес жоспарланған театр-концерт іс-шараларын өткізу, белгіленген кестеге сәйкес материалдық-техникалық жабдықтау және жөндеу жұмыстарын жүргізу.
Сапасы: халықтың мәдени деңгейін арттыру, драмалық, опералық және балет спектакльдері қойылымдарын, концерттер сапасын арттыру; гастроль сапарларының бағыттарын кеңейту, өткізілетін спектакльдер мен концерттердің көркемдік сапасын арттыру, Қазақстан Республикасы кейбір аумақтарының халқына театр-концерт ұйымдары қызметіне қол жетуі; көрермендердің қазіргі талаптарына қойылымды жабдықтаудың толық сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
77-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Ақпараттың жалпыға қол жетімділігін қамтамасыз ету"
деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 1296739 мың теңге (бір миллиард екі жүз тоқсан алты миллион жеті жүз отыз тоғыз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 1992 жылғы 2 шілдедегі "Тарихи-мәдени мұраларды қорғау мен пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы ; 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы ; 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы ; 2005 жылғы 24 қарашадағы N 1161 "2006-2008 жылдарға арналған мәдениет саласын дамыту Бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ақпараттық-коммуникативтік технологиялар басымдықтарын енгізу арқылы қоғамның интеллектуалдық деңгейін және дәстүрлі кітапханалық сервисін дамыту.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : кітапхананың жұмысын динамикалық дамуына ықпал ету, түрлі әдебиет таратқыштар арқылы ақпаратты сақтау және тұрғындарға жеткізу, ақпараттық ортаны қалыптастыру және қазақстанның ақпараттық кеңістігін нығайту.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 014 | | Ақпараттың жалпыға қол жетімділігін қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының қызметкерлері мен оқырмандар жұмысы үшін тұтынушылардың ауқымды компьютерлік ресурстарға қол жетімділігін қамтамасыз ету, оларға тиімді жағдайлар жасау, оқырмандарды библиографиялық-анықтамалық, кітапханалық ақпараттар мен қамтамасыз етуді жүзеге асыру. Негізгі құралдар сатып алу. Мемлекеттік сараптама қорытындысы мен жобалық-сметалық құжат негізінде күрделі жөндеу жүргізу. Қытай Ұлттық кітапханасында Мәдениет орталығының жұмыс жасауы.<br>Зағиптарға және олардың отбасы мүшелеріне, мектептегі нашар көретін оқушыларға қызмет көрсетуді жүзеге асыру, Республикалық кітапханада зағип және нашар көретін азаматтардың жалпы білім беретін, кәсіби және мәдени деңгейін көтеру. Құжаттарды қайта өңдеу және жаңғырту орталығын ашу және "РБНСГ-Вести" газетін шығару. Негізгі активтер сатып алу. Астана қаласындағы Ұлттық кітапханасы академиялық кітапхананың қызметкерлерімен пайдаланушылары үшін, сондай-ақ зағип және нашар көретін азаматтарға тиімді жағдайлар жасау, оқырмандардың интеллектуалды және мәдени, рухани қажеттілігін өтеуге бағытталған қажеттіліктерін арттыру, мәдени және ағартушылық қызметін жүзеге асыру. Негізгі құралдар сатып алу. Материалдық емес активтерді сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі<br><br>Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы<br><br>Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы<br><br>Қазақстан Республикасының Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханасы |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже:
- 3 номинация бойынша деректемелік ескерткіштердің тізімін дайындау;
- 3180 беттік көлемдегі жазба, мұрағат құжаттарын қалпына келтіру және консервациялау;
- 9300 беттік көлемдегі жазба, мұрағат құжаттарына электронды сандық нөмірлеу жүргізу;
- 170 кітап көрмесін және 12 тұсаукесер өткізу;
- 25 түрлі іс-шаралар өткізу (ақын, жазушылар мен мәдениет басқа да өкілдерінің қатысуымен оқыту конференциялары, дөңгелек үстелдер және шығармашылық кештер) ;
- халықаралық кітапханалық ұйымдардың мүшелігімен халықаралық кітапхана ынтымақтастығы бойынша 8 іс-шараға қатысу;
- 40 кітапханалық, ғылыми және ақпараттық басылымдар әзірлеу;
- 2 реабилитациялық байқау өткізу;
- қазақ және орыс тілдерінде әдебиеттерді дыбыстандыру - 400 сағат.
Құжаттарды қайта өңдеу және жаңғырту орталығын құру және "РБНСГ-Вести" газетін шығару арқылы көзі көрмейтін мүгедектерге қызмет көрсетуді жақсарту.
Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына сатып алатындар: тұтынушыларға толық ақпараттар жеткізу мен толықтыру үшін түрлі білім салаласындағы әдебиеттер - 3000 дана, жиһаздар, компьютерлер - 10 комплект, принтерлер - 6 дана, кондиционерлер - 4 дана, стеллаждар - 20 дана, тасымалдауға арналған арбалар - 8 дана , сканерлер - 3 дана, көшірме аппараттары - 2 дана, термобиндер сатып алу.
Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханаға: қорды толықтыруға арналған әдебиеттер, оның ішінде арнайы әдебиет - 2050 дана; автокөлік - 1 бірлік; шкафтар, үстелдер, тумблер - 46 дана; брайлер принтері үшін дыбыс шығармайтын шкафтар - 2 дана; техникамен жабдықтау үшін компьютерлер - 3 дана; оқу және сканерлеу үшін "Поэт" сканері және бағдарламалық қамтамасыз ету; Video light VGA-нашар көретіндерге арналған электрондық үлкейткіш құрал сатып алу.
Қазақстан Республикасының Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханасына: медиа-басылымдарды сақтау үшін арнайы шкафтар - 30 дана; жиһаздар, қорды толықтыру үшін әдебиеттер және электрондық кітаптар (қазақстандық және шетелдік баспалардан), орташа класты серверлер, пайдаланушылардың жұмыс станцияларын, тифлокешен, мобильдік тренингтік класс - 1 дана, диссертациялардың электрондық базасын, ҚазҰЭК-ға арналған жабдықтар, материалдық емес активтер сатып алу.
Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына күрделі жөндеудің 2 кезеңін жүргізу.
Соңғы нәтиже: оқырмандар сұраныстарын орындау сапасын арттыру, өзекті, тақырыптық, нақты электрондық база деректемелер қатарын құру, кітапханалар ісін

дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, кітапханалық қызмет көрсетуді жетілдіру, материалдық-техникалық базаны жақсарту.
Қаржы-экономикалық нәтиже: бір кітапты сақтаудың орташа құны - 2205 теңге.
Уақыттылығы: көрсетілген мерзімде жоспарланған іс-шараларды орындау.
Сапасы: Қазақстан Республикасы азаматтарының білім алу, интеллектуалдық, рухани қажеттіліктерін жоғарлату.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына
78-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Баспа мұрағатының сақталуын қамтамасыз ету" деген 015 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 32583 мың теңге (отыз екі миллион бес жүз сексен үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Заңы , 1999 жылғы 23 шілдедегі "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының аумағында шығатын, сондай-ақ тапсырыс құпия емес басылымдардың бақылау даналарының негізінде баспасөз мұрағатының сақталуын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Республикадағы барлық тілде шығатын жарияланымдардың негізгі түрлеріне библиографиялық өңдеуді жүзеге асыру; Қазақстан Республикасы аумағында шығатын барлық баспасөз шығармаларын есепке алуды, бақылауды және оған ғылыми өңдеуді ұйымдастыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 015 | | Баспа мұрағатының сақталуын қамтамасыз ету | Баспа мұрағатының жасақтауын қамтамасыз ету, бақылау даналарының сақталуы, каталог, картотекаларды жүргізу, Мемлекеттік ұлттық кітап палатасында басып шығарушы ұйымдардың Мемлекеттік негізгі стандарттар (МНС) талаптарын сақтауына бақылау және статистикалық анықтамалықтар шығару. Негізгі құралдарды сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : баспа мұрағаты құжаттарының сақталуын, жасақталуын және қолданылуын қамтамасыз ету бойынша қажетті жағдайларға қол жеткізу.
Тікелей нәтиже: бақылау экземпляр баспаларын 72 079 экземплярда шығару, сонымен қатар:
кітаптар, брошюралар, автореферат - 4138 баспа бірлігі;
журналдар - 3 763 баспа бірлігі;
газеттер - 56 200 баспа бірлігі;
ноталар - 150 баспа бірлігі;
ұсақ баспа - 7 828 баспа бірлігі;
жырлар шығару - 48 номер 11 атпен.
Мемлекеттік ұлттық кітап палатасына: арнайы принтер; штрих-код сканері - 2 дана; коммуникатор; үздіксіз қоректену көзі - 4 дана сатып алу.
Түпкі нәтиже: барлық баспалардың баспа өнімдеріне 5 103 451 дана бойынша бақылау және оған ғылыми өңдеуді жүргізуді нығайту, Қазақстан Республикасындағы баспасөздің дамуы туралы статистикалық жинақтар дайындау.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір баспасөзді сақтап қамтамасыз етудің орташа шығыны - 5 мың теңге.
Уақтылығы: елдің баспа өнімдері туралы ақпаратпен көрсетілген мерзімде қамтамасыз ету, каталог, картотекалар жүйесін енгізу, анықтау және есепке алу, сондай-ақ барлық баспа жарияланымдарына статистикалық есеп жүргізу.
Сапасы: азаматтарды мұрағат құжаттарымен қамтамасыз ету арқылы олардың ақпараттық деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
79-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 12077842 мың теңге (он екі миллиард жетпіс жеті миллион сегіз жүз қырық екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы ; 2001 жылғы 21 маусымдағы "Салық және басқа міндетті түрдегі бюджетке төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық Кодексі); 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; 1998 жылғы 24 наурызындағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; 1999 жылғы 23 шілдедегі "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының қызметін тәуелсіз және кедергісіз жүргізудің халықаралық-құқықтық кепілдігі туралы Келісімінің ратификациясы туралы" 1995 жылғы 4 қыркүйектегі N 2452 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған Стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясын жүзеге асырудың алдағы шаралары туралы" 2006 жылғы 30 наурыздағы N 80 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электронды үкіметті" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан халықтары Ассамблеясы институтын нығайту туралы" 2005 жылғы 23 сәуірдегі N 1561 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Телерадио хабарлары мен мәліметтерді таратудың ұлттық спутниктік жүйесі туралы" 1996 жылғы 4 қазандағы N 1234 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасындағы көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салааралық бағдарламасын бекіту туралы" 2001 жылғы 29 қазандағы N 1371 қаулысы ; Қазақстан Республикасы

Үкіметінің "Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша 2005-2007 жылдарға арналған іс-шараларды бекіту туралы" 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 68 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Сирек және жоғалып бара жатқан жабайы тұяқты түрдегі аңдар мен ақбөкендер сақтау және қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" 2005 жылғы 25 наурыздағы N 267 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тұтыну нарығындағы бағаны тұрақтандыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" 2005 жылғы 5 мамырдағы N 430 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Экономиканың басымды секторларында пилоттық кластерлерді қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жоспарды бекіту туралы" 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының агроөндірістік кешенін қарқынды дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : елдегі экономикалық, қоғамдық-саяси маңызды оқиғаларды және мемлекеттік саясаттың негізгі бағыт бағдарларын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен жариялау және ақпараттық-насихаттауды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мына бағыттарға бағытталған теледидар және радио бағдарламаларды, жарияланымдарды әзірлеу және тарату;
елдегі болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларға ақпараттық-насихаттық белсенді қолдау көрсету;
"Қазақстан-2030" даму Стратегиясын жүзеге асыруда халықты мемлекеттің қызметі туралы ақпараттандыруды қамтамасыз ету;
конфессияаралық қатынастарда қоғамдық әріптестік принциптерді, ұлтаралық бейбітшілік пен келісімді насихаттау және қолдау;
қазақстандық патриотизмді қалыптастыру;
Мемлекет басшысының "Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында" Жолдауын жүзеге асыру шараларына ақпараттық-насихаттық қолдауды қамтамасыз ету ;
мемлекеттік ішкі және сыртқы негізгі оқиғалары жөнінде республиканың тұрғындарына нақты, шұғыл ақпараттар беру;
кіші және орта кәсіпкерлікті дамытуды ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету;
білім, мәдениет, денсаулық сақтау, спорт және әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатқа ақпараттық қолдау көрсету;

елдегі азық-түлік бөлігіндегі сұрақтарды жариялау;
тұрғын үй, "электронды үкімет" және басқа мемлекеттік бағдарламаларды жариялау;
мемлекеттік тілді дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 016 | | Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу | | | |
| 2 | | 100 | Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу | Мына негізгі тақырыптық бағыттар бойынша материалдар дайындау мен жариялау:<br>Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерін ресми жариялау;<br>еліміздің әлеуметтік, экономикалық қоғамдық саяси өмірін жариялау;<br>Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының іске асу барысын жариялау;<br>мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауын жариялау;<br>елдің агроөнім саласындағы мәселелері бойынша материалдар жариялау;<br>Қазақстанның жағымды инвестициялық бейнесін қалыптастыруға бағытталған материалдарды жариялау;<br>мемлекеттік экономикалық саясатты ақпараттық қолдау;<br>қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күресудің негізгі мәселелерін жариялау, құқық қорғау органдарының жағымды бейнесін қалыптастыру;<br>білім, мәдениет, спорт, әлеуметтік қамтамасыз ету және тұрғын үй-коммуналдық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жариялау;<br>"Сирек және жоғалып бара жатқан жабайы тұяқты түрдегі аңдармен ақбөкендер сақтау және қалпына | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған салалық бағдарламасын, Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, қазақ мемлекеттігінің құрылу тарихы, атаулы және мерекелік даталы күндер туралы материалдар жариялау; мемлекеттік жастар саясаты мәселелерін жариялау; қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге бағытталған әдеби көркем шығармаларды орналастыру; мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру жөніндегі материалдарды орналастыру; мемлекеттік ұлттық саясатты, Қазақстан халықтары Ассамблеясының, ұлттық-мәдени орталықтардың қызметін жариялау; нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күресті, нашақорлыққа қарсы насихатты жариялау; мемлекеттің терроризм және экстремизмге қарсы күрес, қоғамда діни экстремизм және радикализм идеяларын қабылдамауды қалыптастыру жөніндегі қызметін жариялау; АҚТҚ/ЖҚТБ-мен күрес, халықты індеттің алдын-алу мәселелерімен таныстыру жұмыстарын жариялау; елдің көші-қон саясатын ақпараттық-насихаттық қолдау, шетелдегі отандастар мен қазақ диаспораларының өмірін жариялау; шетелдегі қазақ диаспораларын Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өмірі туралы хабардар ету; Қарулы Күштер және әскери қызметінің жағымды имиджін қалыптастыру мен нығайтуға бағытталған материалдарды жариялау ; мемлекеттің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы әдеби-көркем материалдарды орналастыру; салауатты өмір салтын насихаттау; құқықтық насихаттың басты мәселелерін жариялау; кіші және орта кәсіпкерлікті | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ақпараттық-насихаттық қолдау; отандық кітап шығаруды насихаттау аясында әдеби-көркем материалдарды орналастыру; қазіргі заманның басты мәселелерін, ТМД аумағындағы интеграциялық процестерді, ынтымақтастық елдерінің мәдени және тарихи байланыстарын жариялау; балалар және жасөспірімдердің патриоттық, интернационалдық, адамгершілік және рухани тәрбиесі мен өсуі туралы материалдар орналастыру; отандық телекоммуникацияларды дамытуды жариялау, жаңа ақпараттық технологияларды насихаттау; мемлекеттік ақпараттық саясат және БАҚ дамуының басты мәселелерін жариялау; әйел мәселесі, әйелдің қоғамдағы рөлін көтеру, гендерлік теңдік мәселелерін жариялау; қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жариялау; қоғам дамуының өзекті мәселелері жөнінде әлеуметтік сатиралық материалдарды жариялау; республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметшілердің және судьялардың әкімшілік бос лауазым орындарына орналасуға конкурстар туралы хабарламалар жариялау; елде бала тууды арттыру үрдістерін, ұзақ жасауды арттыруды, өлім азайтуды жариялау; өмір деңгейін арттыру мәселелерін жариялау; жол қозғалысы қауіпсіздігі мәселелері бойынша мемлекеттің қызметін жариялау; қазақ халқының мәдени мұрасын жариялау; Президент пен Үкіметтің қызметі мен мемлекеттік ресми шетел сапарларының барысын жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің елден тыс жерлерге қызметтік іссапарлары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің веб-сайтын (www.government.kz) ақпараттық жүргізу. | | |
| 3 | | 101 | | | Жыл бойы | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу | Мынадай негізгі тақырыптық бағыттар бойынша телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу, теледидар және радио бағдарламаларын шығару және трансляциялау:<br>ақпараттық бағдарламаларда мемлекеттік билік пен басқарудың жоғары органдарының қызметін көрсету;<br>талдау бағдарламаларында Президенттің, Үкіметтің, Парламенттің қызметтерін көрсету;<br>"Қазақстан-2030" Стратегиясын іске асыру барысын және оң нәтижелерін көрсету;<br>халықты еліміздің заңнама базасымен, Президенттің Жарлықтары, Үкіметтің қаулылары, әкімдері, өзге де нормативтік құқықтық кесімдер туралы хабардар ету;<br>Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауын жариялау;<br>елдің агроөнімдер саласындағы мәселелерді көрсету;<br>ҚР ішкі және сыртқы саясатын түсіндіру және насихаттау;<br>мемлекеттік экономикалық және әлеуметтік саясатты ақпараттық қолдау;<br>"Жаңа экономикалық саясат" теледидар бағдарламаларының циклін шығару;<br>мемлекеттік ұлттық саясатты, Қазақстан халықтары ассамблеясының, ұлттық мәдени бірлестіктердің қызметін, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді ақпараттық қолдау;<br>үкіметтік емес ұйымдардың қызметін ақпараттық қолдау;<br>қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу;<br><br>тілдер туралы Заңның іске асуын ақпараттық қолдау;<br>мемлекеттік жастар саясатын ақпараттық қолдау;<br>балалар мен жастарда мәдени-адамгершілікке тәрбиелеу;<br>халықты қылмыстық және сыбайлас жемқорлықпен күрес барысы туралы хабардар ету;<br>құқық қорғау органдарының, сот | | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | корпусының жағымды имиджін қалыптастыру; құқықтық насихат; сайлаушылар және сайлауды ұйымдастырушыларды құқықтық оқыту; мемлекеттің терроризм және экстремизммен күресі жөніндегі қызметін жариялау, қоғамда радикализм, діни экстремизм және терроризм идеяларын қабылдамауды қалыптастыру; Қарулы Күштер және әскери кәсіптің жағымды имиджін қалыптастыру және нығайту; есірткі бизнесі және нашақорлықпен күрес барысын көрсету, есірткіге қарсы насихат; АҚТҚ/ЖҚТБ қаупі және індеттің алдын алу жолдары туралы халықты хабардар ету; шағын және орта бизнесті, отандық тауар өндірушілерді және тауарларды, импорт алмасу бағдарламасын ақпараттық қолдау; мемлекеттік көші-қон саясатын ақпараттық қамтамасыз ету, шетелдегі отандастар, қазақ диаспорасының өмірін көрсету; әдеби-публицистикалық бағдарламалар; білім беру-танымды бағдарламалар; музыкалық-көңіл көтеру; отандық дене тәрбиесімен спортты ақпараттық қолдау; білім беру, мәдениет, спорт, әлеуметтік қамтамасыз ету және тұрғын үй-коммуналдық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жариялау; 2006-2011 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" мемлекеттік бағдарламасын, "Сирек және жоғалып бара жатқан жабайы тұяқты түрдегі аңдар мен ақбөкендер сақтау және қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған" салалық бағдарламасын, Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын ақпараттық қолдау; атаулы және мерекелік даталы күндерге ақпараттық қолдау; | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | халықты төтенше жағдайларда өзін өзі ұстауы мен қорғану тәсілдеріне үйрету; әйел мәселесін, қоғамдағы әйел рөлін арттыру, гендерлік теңдік мәселелерін жариялау; қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жариялау; халыққа денсаулықты нығайту мәселелері және салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде жариялау; көркем, деректі фильмдер, сериалдар, мультипликациялық сериалдар; қазақстан театрларының спектакльдері; әлеуметтік роликтер; шет елдердің саяси, экономикалық, мәдени өмірін жариялау; "KazSat" және "Intelsat" транспондерін жалдау; "Мир" халықаралық телерадио компаниясында Қазақстанның экономикалық, саяси, мәдени өмірі туралы бағдарламаларды шығару және орналастыру. Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінде жүргізіліп жатқан реформалардың әлеуметтік-экономикалық және саяси бағыттары туралы Қазақстан мен ТМД елдерінің халықтарын хабардар ету. ТМД қатысушы елдерінің біртұтас экономикалық және мәдени кеңістік құрудағы Қазақстанның интеграциялық бастамасын жариялау. Электронды БАҚ мемлекеттік тілде мынадай тақырыптық және жанрлық бағыттарда теледидар және радио бағдарламаларын, деректі фильмдерді шығару: "Қазақстан-2030" Стратегиясын іске асыру барысы туралы; құқықтық тақырыпта; жеке адам, қоғам, мемлекет қауіпсіздігі қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен күрес барысы, мемлекеттің терроризм және экстремизмге қарсы күресі тақырыбында; ақпараттық бағдарламалар; экономикалық және қаржылық тақырыптардағы бағдарламалар; Қазақстан Республикасының Қарулы | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Күштері туралы; қылмыстылық және сыбайлас жемқорлықпен күрес барысы туралы; қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу;<br><br>жастар; балалар; спорттық, соның ішінде қазақстандық спортшылардың жоғары дәрежелерін; қоғамдық өмірдегі әйелдің рөлі, гендерлік саясат туралы; білім беру; мемлекеттік тілді үйрету; музыкалық-көңіл көтеру; ауыл шаруашылығы; мемлекеттік ұлттық саясат және Қазақстан халықтары ассамблеясы, ұлттық-мәдени орталықтар қызметі туралы; әдеби-көркем, мәдениеттану сипаттағы бағдарламалар; салауатты өмір салты туралы; шағын және орташа бизнес туралы; конфессияаралық келісім туралы; нашақорлық, темекі шегу және алкоголизмнің зияны туралы; әзіл-ысқақ; АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын алу туралы; экологияның жағдайы және қоршаған ортаны қорғау туралы; ток-шоу жанрындағы бағдарламалар; кино, театр, әдебиет және өнер туралы мемлекеттік бағдарламаның іске асуы туралы; Қазақстан Республикасы Астанасының құрылуы мен құрылысы туралы жариялау; көші-көн саласында тақырыптық радио бағдарламаларды өткізу; ақпараттық бағдарламалардың сурдо аудармасын және субтитрларын мемлекеттік тілде және орыс тілінде ұйымдастыру; салық заңнамалары бойынша қазақ және орыс тілдерінде телебағдарламалар мен роликтерді шығару және орналастыру; қазақ халқының мәдени мұрасын ақпараттық қолдау; Қазақстан Республикасы ғалымдарының ашқан ғылыми жаңалықтарын қолдау бойынша мемлекеттің қызметін жариялау; Қазақстан Республикасында тұратын | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | халықтардың тарихы, тілі жайлы жариялау; салықтық заңнамаларды насихаттау; жол қозғалысының қауіпсіздігі мәселелері бойынша мемлекеттің қызметін жариялау. Президент пен Үкіметтің қызметі мен мемлекеттік ресми шетел сапарларының барысын жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің елден тыс жерлерге қызметтік іссапарлары. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: мынадай санда материалдарды дайындау және басып шығару:
- 11138 газет жолдары, жалпы таралымы 219 454 мың дана,
- 810 баспа-есеп журналдардың беттері, жалпы таралымы 2548 мың дана;
"Қазақстан" ұлттық телеканалының ортакүндік көлемі - 18 сағат, "Қазақ радиосы" - 24 сағат, "Облыстық теледидары" (13 облыс және 1 қалалық ТРК) - 42 сағат, "Астана" радиосы - 18 сағат, "Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы арқылы "Шалқар" радиосы - 18 сағат; "Хабар" - 20 сағат, "Ел арна" - 16 сағат және "Хабар" агенттігі арқылы "Caspionet" - 24 сағат, "Еуразия - бірінші каналы" - 7 сағат.
Қазақстан және ТМД телерадиоканалдарында Қазақстан және ТМД елдерінің экономикалық, саяси, мәдени өмірі туралы бағдарламаларды "Мир" халықаралық телерадиокомпаниясында шығару және орналастыру - 10 сағат.
Электронды БАҚ-да мемлекеттік тілде деректі фильмдер, теледидарлы және радиобағдарламалар шығару - 4730 сағат.
Салық заңнамалары бойынша 100 көрсетілімді 33 роликтерді шығару 100 рет көрсете отырып.
Түпкі нәтиже: тұрғындарға хабарламаларды арттыру, ел өміріндегі маңызды оқиғаларды жариялау, Қазақстан Республикасының жағымды имиджін қалыптастыру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: газет және журналдар шығарылатын бір таратылымның орташа бағасы 5,3 мың теңге.
Телеканалға шығудың бір сағаттық бағасы:
"Хабар" - 152 946 теңге;
"Қазақстан" - 125 870 теңге;
"Ел арна" - 124 846 теңге;
"Caspionet" - 37 572 теңге;
"Қазақ радиосы" - 62 935 теңге;
"Облыстық телеарна" - 75 522 теңге;
"Астана" радиосы - 31 467 теңге;
Шалқар радиосы - 31 467 теңге;
Телеканалдарда таратудың 1 сағаттық бағасы:

"Хабар" - 128 707 теңге;
"Қазақстан" - 130 504 теңге;
"Ел арна" - 65 667 теңге;
"Caspionet" - 14 304 теңге;
"Еуразия - 1 канал" - 88 312 теңге;
"Қазақ радиосы" - 62 477 теңге;
"Облыстық телеарна" - 1 927 теңге.
Уақтылығы: газеттермен журналдарды, телерадиобағдарламаларды қойылған уақытында көрсету және шығару.
Сапасы: "Қазақстан", "Хабар", "Ел-арна" телеканалдар мен республикалық маңыздағы қалалардағы басқа телерадиобағдарламаларды, газеттер мен журналдарды 100%, басқа өңірлерде (аудан, ауылдық жерлерде) 98,1% шығару мен көрсету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
80-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару" деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 806695 мың теңге (сегіз жүз алты миллион алты жүз тоқсан бес мың теңге) .

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1673 "Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі N 1465 "Мерейтойлар мен атаулы күндерді атап өту туралы" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықтың рухани-білім және интеллектуалды-мәдени деңгейін көтеру үшін әлеуметтік маңызды әдебиеттер шығару, өскелең ұрпақты жалпы әлемдік құндылықтар рухында тәрбиелеу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : тұрақты оқырмандарға әлеуметтік-маңызды әдебиеттерді жариялау мен жеткізуді қамтамасыз ету; өмірдің

мәдени, және ғылыми-білімділік, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өзгерістерін, қазақ мемлекеттігі қалыптасуының сан қырлы мәселелерін айқындайтын өзекті, мазмұнды шығармаларды, публицистикалық, ғылыми, көркемдік және библиографиялық серияларды шығару; Қазақстан Республикасының облыстары бойынша мәдени және тарихи ескерткіштердің еркін томдарын шығаруда дайындық жүйелік жұмысты жүзеге асыру; тарих ғылымының теориялық проблемаларын әзірлеу, ғылыми, көркем және энциклопедиялық әдебиетті шығару, жоғары сапалы баспа өнімдерін шығаруды қамтамасыз ету, ғылыми білімділікті дәріптеу, мемлекеттік тілдегі жазба және ұлттық әдебиеттің жақсы үлгілерін мәдениет және әдебиеттің әлемдік ғылыми жетістіктерін әзірлеу және шығару, Ұлттық мұрағат қорын байыту және сақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; жоғары сапалы баспа өнімдерін шығаруды қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару | Келесі әдебиет түрлерін шығару: Энциклопедиялық әдебиет; "Қазақстан" ұлттық энциклопедия" 10 томдық, 9 томдық, мемлекеттік тілде; "Тұлғалар" энциклопедиясы" сериясы (Қ.Сәтпаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин және т.б.); Балалар энциклопедиялық әдебиет ( мектеп жасындағылар айналысатын энциклопедия); "Денсаулық энциклопедиясы" сериясы ; "Сарбаз" әскери энциклопедиясы сериясы; Балаларға арналған әдебиет: "Әлемдік балалар әдебиеті" сериясы; "Балдырған" (ең кішкентайлар үшін тәрбиелік және танымдық тұрғыдағы басылымдар); "Мектеп кітапханасы"; Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларға арналған шығармалар: "Шығыстың ұлылары" сериясы; Шығарма жинағы (әдебиет классиктерінің шығармаларының | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және қазіргі кезеңдегі авторлардың бір немесе көптомдық ғылыми жинақтары);<br>"Таным" сериясындағы танымды әдебиет (балаларға, жасөспірімдер мен ересектерге арналған тәрбиелік, танымдық және ақпараттық-анықтамалық әдебиет):<br>"Ғибратты өмір" сериясы;<br>"Тарихи тұлға тағылымы" сериясы;<br>"Ауыл кітапханасы" сериясы;<br>Оқу-әдістемелік әдебиет сериясынан:<br>"Мемлекеттік тіл - тұғырың";<br>Туризм және спорт бойынша әдебиет:<br>"Спорт саңлақтары" сериясы;<br>"Қазіргі қазақ прозасы" (көркем проза (оның ішінде балаларға арналған ғылыми-көркем және көркем-деректі әдебиеттер, сын шығармалар, әдебиеттану, өнертану);<br>Поэзия (оның ішінде балаларға арналған өлең пьесалар);<br>Тарихи әдебиеттер:<br>"Отан тарихы" сериясы бойынша ( халықтың рухани біліктілігін және отан сүйгіштігін, ұлттық сезімін арттыруға бағытталған сипаттағы рухани басылымдар);<br>Саяси-қоғамдық әдебиеттер:<br>"Әлем мемлекеттері" сериясы;<br>Ғылым және техниканың барлық түрлері бойынша ғылыми-танымал әдебиет (оның ішінде балаларға арналған ғылыми-танымал әдебиет);<br>Музыкалық және музыкалық-әдеби шығармалар:<br>"Әйгілі адамдар" сериясы;<br>"Наши современники", "Аманат" сериясындағы көркем әдебиет:<br>"Литература на языках народов Казахстана" сериясы (ұлттық авторлар әдебиеті);<br>"Отырар кітапханасы";<br>"Алтын қор" (жоғары өнегелік және тәрбиелік мәні бар қазақ классикасының жеке шығармалары);<br>"Сардар";<br>"Шетел қазақтарының шығармалары";<br><br>"Алаш мұрасы" сериясындағы деректі-көркем әдебиеті;<br>"М. Әуэзов" академиялық көп томды басылым;<br>Фотоальбомдар; | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мәдениет және өнер жөнінде әдебиет (оның ішінде ноталы әдебиет): "Қазақстандық детектив" кітапхана" сериясы; Балалар және жас өспірімдерге арналған әдебиет: "Беласқан" сериясы; "Жастолқын" сериясы; Заң әдебиеті: "Терминдердің салалық түсіндірме сөздігі" сериясы; "Жетінші сөз" сериясы; Сөздік-анықтамалық әдебиет (қосымша сипаттағы фундаментальды сөздік баспасы: қазақ, орыс және өзге тілдерде лингвистикалық, түсіндірме, аударма, терминологиялық, анықтамалықтар, тілашарлар); Медициналық әдебиет (салауатты өмір салтын насихаттауға, адам өмірі мен табиғатты қорғауға арналған кітаптар); Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы; Мерейтойлық әдебиеттер: (Н.Ғабдуллиннің, Т.Кәкішевтің, М.Гумеровтың 80 жылдығына, С.Сейітовтың 90 жылдығына, Г.Ормановтың, А.Әбішевтің, К.Жұмалиевтің, Д.Әбілевтің, С.Омаровтың, М.Балақаевтың, К.Шуақовтың, Н.Өмірзақовтың, Т.Нұртазиннің, А.Хасеновтың 100 жылдығына, композитор Сүгір Әлиұлының 125 жылдығына, Шернияз Жарылқасынұлының 200 жылдығына, Төле-би Әлібекұлының 350 жылдығына, Әйтеке бидің 325 жылдығына және мәдениет пен өнер бойынша айрықша мәнді даталарға арналған басқа да әдебиет); "Әдеби мемуарлар" сериясы; Аударма әдебиет: "Мәдени мұра"; Фольклортану, әдебиеттану және өнертану. "Бабалар сөзі" - қазақ фольклоры" сериясындағы кітаптар; "Қазақ өнерінің тарихы" сериясындағы кітаптар; "Мировое литературоведение" сериясындағы кітаптар; | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "Мировое искусствознание" сериясындағы кітаптар; "Мировая фольклористика" сериясындағы кітаптар; Көркем әдебиет: "Әлем әдебиеті кітапханасы" сериясындағы кітаптар; "Перевод и издание произведений классиков мировой литературы на иностранные языки" сериясындағы кітаптар; Философия: Философия сериясындағы кітаптар: "Ежелгі дәуірдегі бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы"; "Әлемдік философиялық мұра" сериясындағы кітаптар; "Әбу-Нәсір әл-Фараби" сериясындағы кітаптар; Тарихи ғылым: "Китайские архивные документы по истории и культуре казахского ханства" сериясындағы кітаптар; "История Казахстана в армянских источниках IX-XVI вв." сериясындағы кітаптар; "Т. Рысқұлов" сериясындағы кітаптар; "М. Шоқай" сериясындағы кітаптар; "Қ.Сәтпаев" сериясындағы кітаптар; "Великая степь в античных и византийских источниках"; "Раритеты казахского прикладного искусства" сериясындағы кітаптар, кітап-альбом; "Ч. Валиханов" сериясындағы кітаптар; "История Казахстана в архивных документах из фонда Түркестанского генерал-губернаторства XIX-XX вв." сериясындағы кітаптар; "Қазақ ұлт-азаттық қозғалысына қатысты құжаттар мен материалдар жинағы XVIII-XXғғ." сериясындағы кітаптар; Археология, тарих және мәдениет ескереткіштері; "Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы" сериясындағы кітаптар; "Сочинения академика А.Х.Маргулана" сериясындағы кітаптар; | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "А.Жұбанова" сериясындағы кітаптар; "Ғ.Жұбанова" сериясындағы кітаптар; "Л.Хамиди" сериясындағы кітаптар; Кітап-альбом "Древние сокровища Казахского Алтая"; Кітап-альбом "Городище Баласагун в V-XIII вв."; "Древний и средневековой Отрар" сериясындағы кітаптар; Тіл білімі "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі" 15 том; "Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі" ; "Қазақтың бұрынғыдан қалған сөздігі" ; "Халықтар достығы" - "Дружба народов" сериясы; "Полный Атлас Орхонских памятников" сериясы; "Қазақстан әлемдік басылымдарда" сериясы; "Атамекен" сериясы; "Қазақстан өнерінің қайраткерлері" сериясы (Фотоальбомдар); "Заповедники Казахстана" сериясы; Сарапшылар комиссиясына арналған қаламақы; Рецензенттерге арналған қаламақы. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: 440 атаулар бойынша әлеуметтік-маңызды әдебиеттердің түрлерін шығару, жалпы көлемі 9870 басылым беттері, әр басылымның таралымы 1000-нан 3000 данаға дейін, 14 облысқа Алматы, Астана қалаларына, республиканың аумағында орналасқан кітапханалар үшін 2000 бірлік құрамында жіберіледі.
Түпкі нәтиже: қоғамның рухани әлеуеттігін бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістік арқылы нығайту, тарихи-мәдени мұраны, әлеуметтік-мәдени инфраструктураны дамыту және сақтау, кәсіби өнер мен халық шығармашылығының дамуы жағдайын қамтамасыз ету, мәдени мұраның, соның ішінде қазіргі ұлттық мәдениетті, фольклорды , салт-дәстүрдің ауқымды оқыту жүйесін құру, көпғасырлық жазба және ұлттық әдебиеттің тәжірибесін жинақтау, ғылымдық және көркемдік топтастырылған серияларды құру; әлемнің озық жетістіктер базасында мәдениет пен әдебиеттің, ғылыми ойлаудың гуманитарлық білімнің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын құру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір басылымды шығарудың және жеткізудің орташа шығыны 1122 теңгені құрайды.
Уақтылығы: оқырмандардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін жоспарланған іс-шараларды уақытылы орындау.
Сапасы: оқырмандардың санын көбейту, елдегі халықтардың интеллектуалдық,

рухани-білімділік және интеллектуалды-мәдени деңгейін көтеру, қазақ тілінде әлемдік көркем әдебиеттердің теңдесіз туындыларын шығару, өскелең ұрпақты жалпыәлемдік идеалдар құндылығы рухында тәрбиелеу, мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту, әлеуметтік-коммуникативтік қызметті ұлғайту және нығайту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
81-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Ішкі саяси тұрақтылық және қоғамдық келісім саласында мемлекеттік саясатты жүргізу"
деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 400341 мың теңге (төрт жүз миллион үш жүз қырық бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" 2005 жылғы 12 сәуірдегі Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспары" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясы және Қазақстан халықтары Ассамблеясының Ережесі туралы" 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 856 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы демократиялық реформалар бағдарламаларын талқылау мен нақтылау жөніндегі Мемлекеттік комиссия туралы" 2006 жылғы 20 наурыздағы N 68 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасы 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру туралы" 2006 жылғы 30 наурыздағы N 80 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "2006-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың тұжырымдамасы туралы" 2006 жылғы 25 маусымдағы N 154 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған Бағдарламасы туралы" 2006 жылғы 28 маусымдағы N 593 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2006-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" 2006 жылғы 30 қыркүйектегі N 953 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ішкі саяси тұрақтылықты бекіту туралы

мемлекеттік саясатты қалыптастыру, қоғамда демократиялық бастамаларды нығайтуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға жағдай туғызу, ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің Қазақстандық моделін жетілдіру, саяси реформаларды қалыптастыру, азаматтық қоғамды дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : демократиялық процестер мен азаматтық қоғам институттарын жүйелі дамуына бағытталған шаралар жиынтығын жүзеге асыру, демократиялық құндылықтарды қорғау жүйесін қалыптастыру, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың тиімді ынтымақтастығына қажетті жағдай жасау, этносаралық келісімді жетілдіру бағдарламасын жүзеге асыру, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың тұрақты ынтымақтастық жүйелерін жетілдіру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 018 | | Ішкі саяси тұрақтылық және қоғамдық келісім саласында мемлекеттік саясатты жүргізу | Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік мәні бар жобаларын іріктеу жөніндегі конкурс; Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігі мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізу, Қазақстандық үкіметтік емес ұйымдардың, саяси партиялар мен қозғалыстарды дамыту, қоғамдық-саяси жағдайларға тоқсан сайын әлеуметтік мониторинг жүргізу ; Қазақстан Республикасындағы демократиялық реформалар бағдарламаларын талқылау мен нақтылау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның қызметін қамтамасыз ету ; Мемлекеттік нышандар жөніндегі Республикалық комиссияның отырысын өткізу; Қазақстан халықтарының Достығы Республикалық Фестивалін өткізу; Тұрғындардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсініктерінің деңгейін, сыбайлас жемқорлықтың көрінісіне қоғамның иммунитетін анықтау бойынша экспертік сауал; "Жемқорлыққа қарсы күрестегі | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | азаматтық қоғам институттарының қатысуының белсенділігін көтеру" тақырыбындағы жастар ойын-сайысының Республикалық турнирі; Қазақстан Республикасы мемлекеттік нысандарының туған күніне арналған форум өткізу; Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша Республикалық конференция ұйымдастыру және өткізу; "Шаңырақ" этножурналистика бойынша Республикалық акция: семинар және этножурналистика саласында шығармашылық конкурс; "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі биліктің, үкіметтік емес ұйымдармен бизнес құрылымдарының рөлі" тақырыбында дөңгелек үстел өткізу; Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының III Азаматты форумы; Қазақстан халықтары Ассамблеясының XIII сессиясын өткізу; ОБСЕ өкілдігіне Қазақстанның тапсырысын ұсынумен байланысты іс-шараларға қатысу; "2006-2008 жылдарда Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің Қазақстандық моделін жетілдіру" бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шараны Іс-шаралар жоспарына сәйкес өткізу; Елбасының жолдауы бойынша республикалық семинар-кеңес өткізу. | | Мәдениет және ақпарат министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: мына жағдайлар бойынша Министрліктің жиынтық іс-шараларын жүзеге асыруға идеологиялық, насихаттық және ақпараттық жұмысының жүйесін жасау: Елбасының бағдарламалық баяндамаларын, "Қазақстан 2030" Стратегиясын, Президенттің жыл сайынғы халыққа жолдауын, 2006-2008 жылдарға арналған Үкіметтің Бағдарламасын, 2007 жылғы маңызды қоғамдық-саяси іс-шараларды ақпараттық-насихаттауды қамтамасыз ету:
- қоғамдық-саяси бағыттағы 8-ден кем емес жалпы республикалық іс-шараларды дайындау және өткізу, соның ішінде Елбасының қатысуымен;
- салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған (республикалық конференция) және жастар мен студенттердің арасында азаматтық позицияның белсенді

қалыптасуына бағытталған (республикалық жастардың ойын-сайыс турнирі) атты 2 көлемді шараны өткізу;
- 4 әлеуметтік мониторингтерді, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша 1 әлеуметтік зерттеу, қоғамдық-саяси жағдайларды зерттеу мен болжауға бағытталған 2 эксперттік сауал, тұрғындардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсініктерін анықтау бойынша 2 эксперттік сауал өткізу;
- қоғамдық бірлестіктердің 85-ке жуық маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыруға қажетті жағдай туғызу;
- ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің Қазақстандық моделін насихаттауға бағытталған 5 үлкен көлемді іс-шара өткізу (10 000-ға жуық адамның қатысуымен), соның ішінде қоғамдағы ұлтаралық және конфессияаралық келісімге 2 республикалық мониторинг жүргізу.
Түпкі нәтиже: демократияны дамыту, саяси өмірді модернизациялау мен либерализациялау, ел азаматтарының саяси мәдениетін қалыптастыру, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақтау. Мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес сектордың, саяси партиялар мен қозғалыстардың ынтымақтастығын нығайту, билік жақтастарын және билік тұғырнамасына еліміздің негізгі қоғамдық-саяси күшін нығайту, тұрғындардың мемлекеттік билік органдарға деген сенімдерін жоғарылату. Қазақстан азаматтарының рухани-адамгершілік қажеттіліктерін, патриотизмді дамыту;

Халықаралық қоғамның көзінде Қазақстан Республикасының имиджін көтеру. Қазақстанның әлемдік бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына қосылу идеясын жалпы халықтық салмақты сезінуін қалыптастыру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
республикалық деңгейдегі бір іс-шараны өткізуге жұмсалатын орташа шығын - 3867 мың теңге;
әлеуметтік маңызды бір жобаны өткізуге жұмсалатын орташа шығын - 3 518 мың теңге;

бір әлеуметтік зерттеуге жұмсалатын орташа шығын - 1557 мың теңге.
Уақтылығы: әлеуметтік-маңызды іс-шараларды бекітілген жоспарға сәйкес өткізу.
Сапасы: демократиялық жаңаруды, елдің модернизациялануын жеделдету, ұлтаралық бірлікті, қоғамдық келісім және ішкі саяси тұрақтылықты сақтау және нығайту.
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
82-ҚОСЫМША
**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Бұқаралық ақпарат құралдарын институционалдық дамыту" деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 3 502 164 мың теңге (үш миллиард бес жүз екі миллион бір жүз алпыс төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы ; Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 80 "2030 жылға дейін Қазақстанның даму стратегиясын іске асыру жөніндегі кейінгі шаралар туралы" Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : "Қазақстан" ұлттық телеарнасы, "Қазақ радиосы" мен "Шалқар" радиосы, "Казахстанская правда" және "Егемен Қазақстан" республикалық газеттерінің бағдарламаларымен халықты барынша көп қамтуға жету және жоғары сапалы өнімді шығару. Тиімді өндірістік-техникалық базаны құру, салаға қаржы салу үшін қолайлы жағдайды жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р /с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 019 | | Бұқаралық ақпарат құралдарын институционалдық дамыту | Мына іс-шараларды жүзеге асыру: - "Қазақстан" республикалық телерадиокорпорация АҚ жарлық капиталын радио және телевизиялық қондырғыларды алу үшін толықтыру; "Егемен Қазақстан" РГ АҚ жарғылық капиталын ұлғайту; "Казахстанская правда" РГ АҚ жарғылық капиталын ұлғайту; - орталық офис пен тілшілер бюросын | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | материалдық-техникалық жарақтандыру, шет елдегі орталық офис пен тілшілер бюросын материалдық-техникалық жарақтандыру, ақпараттық-талдау қызметінің пакетін әзірлеу мен жасау, www.inform.kz. web-сайты негізінде www.inform.kz. web-порталын әзірлеу және жасау үшін қатысу үлесін сатып алу ("Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту). | | Мәдениет және ақпарат министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Қазақстанның бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру, тұлға, қоғам мен мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Теледидар мен радио бағдарламаларының техникалық сапасын жоғарлату, халықты "Қазақстан" телерадиобағдарламаларымен, " Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" республикалық газеттерімен барынша қамтамасыз ету.

Тікелей нәтиже: бюджеттік бағдарламаны орындалу нәтижесінде "Қазақстан" РТРК АҚ үшін радио және телевизиялық қондырғылар сатып алынады. "Егемен Қазақстан" РГ АҚ ғимараты күрделі жөндеуден өтеді, кеңейе түседі, материалдық-техникалық базасы нығаяды (комплекттегі компьютерлер, ноутбук, цифрлік диктофон, А-2 форматты плоттер, цифрлік фотоаппараттар, фотоаппарат үшін объектив, жеңіл және жолаушы тасымалы автокөліктер, офис жиһазының жинағы, көшірме жасайтын қондырғы, лазерлік принтер, WINDOWS XP PRO Касперский антивирусы бағдарламаларымен қамтамасыз ету алынады). "Казахстанская правда" РГ АҚ-ның - ғимараты күрделі жөндеуден өтеді (бірінші және екінші қабаттан екінші эвакуациялық шығу құрылысының жұмыстары орындалады, ғимараттың өртке қарсы төтеп бере алатын әрлеу материалдар ауыстырылады, жылу сақтайтын материалдан жасайтын есіктер қораптары тұрғызылады, металдан жасалған торлар алып тасталынады, барлық күшті және жарықтандыратын электр желілері изоляциясының қарсыласу күші есепке алынады, редакцияның бергі және арғы фасадының, сонымен бірге ішкі бөлмелерін үнемі қадағалау үшін видеокөріністі жүзеге асыратын жүйелер мен жеке трансформаторлар орнатылады, жылу радиаторлары және су құбырларына жататын сантехникалық қондырғылар ауыстырылады, ғимараттың қосымша тұрақжайлардың төбелері қалпына келтіріп, суық жібермейтін болып күшейтіледі, ғимарат кабинеттерінің едендері ауыстырылады, ғимаратқа орталық канализациялық жүйеге келтірілетін тіке канализациялық құбырлар өткізіледі, ғимараттан шығу есігінде

электромагниттік клапон орнатылады, ғимараттың сыртқы қабырғалары көктемнің жаңбырлы суларынан қорғайтын материалмен күшейтіледі, ғимараттың бергі және арғы фасады күрделі жөндеуден өткізіледі және редакцияның ішкі бөлмелері жөнделеді ) және материалдық-техникалық база күшейеді (газеттің электрондық түрін модернизациялау жұмысы өткізіледі, сонымен бірге жұмыс станциясы жүйесін және бағдарламалық қамтамасыз ету), сонымен қатар офистік жиһазды сатып алу жолымен бас офис пен корреспонденттік нүктелер қамтамасыз етіледі, орталық офис пен тілшілер бюросы, шет елдегі орталық офис пен тілшілер бюросы материалдық-техникалық жарақтандырылады, www.inform.kz. web-порталының www.inform.kz. web-сайты базасы негізінде ақпараттық-талдау қызметінің пакеті жасалады.

Түпкі нәтиже: ақпарат кеңістігінде мемлекеттің қатысуын кеңейту, "Қазақстан" РТРК АҚ, "Егемен Қазақстан" РГ АҚ мен "Казахстанская правда" РГ АҚ-ның үлесінде мемлекеттің қатысуын нығайту. "Қазақстан" РТРК АҚ, "Егемен Қазақстан" РГ АҚ мен "Казахстанская правда" РГ АҚ-ның жарғылық міндеттерін сапалы орындау үшін материалдық-техникалық базаны жақсарту.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: "Қазақстан" РТРК АҚ-ның номиналды құндылығы 10 000 (он мың) теңгені құрайтын 250 000 дана етіп, "Егемен Қазақстан" РГ АҚ-ның номиналды құндылығы 1 000 (мың) теңгені құрайтын 300 000 дана етіп, "Казахстанская правда" РГ АҚ-ның номиналды құндылығы 1 000 (мың) теңгені құрайтын 300 000 дана етіп акцияларын қосымша шығару.

Уақтылығы: жоспарланған іс-шараларды уақытында өткізу.

Сапасы: әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сапалы телерадиобағдарламалар шығаруды көбейту, сондай-ақ халықты нақты ақпаратпен қамтамасыз ету. Теледидар және радио бағдарламаларының техникалық сапасын жоғарлату, "Қазақстан" РТРК АҚ, "Егемен Қазақстан" РГ АҚ мен "Казахстанская правда" РГ АҚ-ның материалдық базасының техникалық жаңартуын қамтамасыз ету.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
83-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Мемлекеттік мәдениет ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды

қайта даярлау"
деген 020 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 109368 мың теңге (бір жүз тоғыз миллион үш жүз алпыс сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қарашадағы N 1161 "Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің шығармашылық кәсіби деңгейін жоғарылату арқылы мәдениет саласының дамуына жағдай жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік мәдениет ұйымдарын білікті кадрлармен қамтамасыз ету; нарық экономикасы талаптарының өсуіне, өндіріс пен әлеуметтік саладағы құрылымдық өзгерістерге сәйкес қызметкерлердің теориялық білімін, кәсіби шеберлігін жетілдіру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 020 | | Мемлекеттік мәдениет ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | Мемлекетте мәдениет ұйымдары кадрларының біліктілігін мәдениет пен өнер саласының негізгі бағыттары бойынша арттыру және қайта даярлау жөніндегі қызметтерін сатып алу. Мәдениет қызметкерлерін және К.Байсеитова атындағы Ұлттық опера және балет театры мамандарын шет елдерде тәжірибеден өткізу. | Ақпан - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің ел ішінде - 690 адамның теориялық және практикалық білімдерін жаңартуы, кәсіптік дағдыларды

қалыптастыруы және бекітуі:
- тарихи-мәдени мұра 172 адам;
- мәдени-бос уақыт жұмыстары 172 адам;
- театр-концерт қызметі 172 адам;
- кітапхана ісі 174 адам.
Мамандарды шет елдерде тәжірибеден өткізу 40 адамнан аз емес.
Түпкі нәтиже: мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің білімі мен кәсіби шеберлігін арттыру арқылы қоғамның рухани байлықтары мен мәдени мұраларын сақтап қалу.
Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру қажеттілігінің 2,9% қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: мемлекеттік мәдениет ұйымдарының бір қызметкерін оқытуға кететін шығынның орташа құны:
- ел ішінде 25,5 мың теңге;
- шет елдерде 2 294 мың теңге.
Уақтылығы: жоспарланған шараларды оқу жоспарына сәйкес орындау.
Сапасы: мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің кәсіби білімін және шеберлігін арттыру және тереңдету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
84-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Алматы қаласының бюджетіне республикалық бюджеттен берілген мәдениет ұйымдарының 2007 жылы жұмыс істеуіне және мәдениет ұйымдарының жүйесін қолдауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 022 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**1. Құны** : 250 632 мың теңге (екі жүз елу миллион алты жүз отыз екі мың теңге).

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Заңының 31-бабы ; Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 "Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықтың рухани және мәдени қажеттілігін қанағаттандыру .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Алматы қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіне берілген мәдениет ұйымдары қызметін үйлестіру және тиімді басқару.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 022 | | Алматы қаласының бюджетіне республикалық бюджеттен берілген 2007 жылы мәдениет ұйымдарының жұмыс істеуіне арналған ағымдағы нысаналы трансферттер | Ағымдағы мақсатты трансферттерді аудару. Алматы қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіне берілген 5 мәдениет ұйымының қызметін қамтамасыз ету: Жастардың рухани және мәдени қажеттіліктерін өтеуге, жас ұрпақтың әлеуметтік бейімделуі мен мамандыққа икемделуіне көмек көрсетуге бағытталған мәдени-ағартушылық жұмыстарды жүргізуге Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасын; Әдебиеттер сатып алу. Балалар мен жасөспірімдер арасында білім таратуға, балаларға кітапханалық-библиогра фиялық қызмет көрсетуге, олардың бойына моральдық-этикалық дағдыларды, оқу мәдениетін, ұлтжандылық пен ұлтаралық қатынастар мәдениетін сіңіруге С.Бегалин атындағы балалар кітапханасын; Әдебиеттер және негізгі құралдар сатып алу. Әдебиеттің біртуар қайраткерлері | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық мұрасын анықтау, сақтау, зерттеу және насихаттауға байланысты шараларды жүзеге асыруға бағытталған С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің Әдеби мемориалды мұражай кешенін; Негізгі құралдар сатып алу. Халықтық саз аспаптарын зерттеу және насихаттау, анықтау, жинау, комплектілеу, сақтаумен байланысты шараларды жүзеге асыруға Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейін; Театр өнері саласындағы мемлекеттік мәдениет саясатын жүзеге асыруға бағытталған сахналық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге Қуыршақ театрын. Негізгі құралдар сатып алу. Қазақстан жазушылар одағының Әдебиетшілер үйіне күрделі жөндеу жүргізу. | | Алматы қаласы әкімдігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 5 мәдениет ұйымын жергілікті бюджетке беру: Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасы, С.Бегалин атындағы балалар кітапханасы, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің Әдеби мемориалдық музей кешені, Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі, Қуыршақ театры.
Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының кітап қорын толтыру үшін - 3415 дана сатып алу.
С.Бегалин атындағы балалар кітапханасының кітап қорын толтыру үшін - 5000 дана, арнайы көшірме аппаратын, музыка орталығын, принтер - 2 дана, дыбыстық аппаратура, компьютерлер - 3 комплект сатып алу.
С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің Әдеби мемориалдық мұражай кешеніне компьютер, тұрмыстық техника 7 бірліктен кем емес, көшірме аппарат, орындық - 48 дана, кондиционер - 4 дана сатып алу.
Қуыршақ театрына театр креслоларын сатып алу.
Қазақстан жазушылар одағының Әдебиетшілер үйіне күрделі жөндеу жүргізу.
Түпкі нәтиже: мемлекеттік қызмет көрсету деңгейінің оны алушыларға жақындауы.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: Алматы қаласының халқын мәдени қызмет көрсетумен толығымен қамту.
Уақтылығы: мәдениет ұйымын ағымдағы мақсатты трансферттермен уақтылы

қамтамасыз ету.
Сапасы: мәдениет мекемелерін басқару әдістерін жетілдіру және мәдениет инфрақұрылымын жергілікті деңгейде оңтайландыру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
85-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Мәдениет объектілерін дамыту"
деген 023 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 670 400 мың теңге (алты жүз жетпіс миллион төрт жүз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қарашадағы N 1161 "2006-2008 жылдарға арналған мәдениет саласын дамытудағы бағдарламаны бекіту туралы" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің "Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) Әл-Фараби этномәдени орталығы мен кесенесін салу, Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың кесенесін және Каир қаласында ( Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қайта жаңғырту және Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыс пен Әл-Фарабиге мүсінтас ескерткіштерін орнату жобаларын іске асыру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" 2006 жылғы 8 тамыздағы N 221-ө өкімі .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мәдениет объектілерін дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мәдениет инфрақұрылымын дамыту; еліміздің ұлттық мәдени игілігін тарихи-мәдени мұра саласында тиімді пайдалану.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 023 | | Мәдениет объекті-лерін дамыту | Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында "Есік" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы құрылысын жүргізу ( Технико-экономикалық негіздемеге Мемлекеттік сараптаманың 17.08.2005ж. N 2-83 /05 қорытындысы);<br>Шығыс Қазақстан облысы Қатон-Қарағай ауданында " Берел" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы құрылысын жүргізу ( Технико-экономикалық негіздемеге Мемлекеттік сараптаманың 17.05.2005 ж. N 2-84/05 қорытындысы);<br>Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) "Әл-Фараби" этномәдени орталығы мен кесенесін салуды бастау ( этномәдени орталығын және кесенесін салу үшін тұрғын үй жайларды бұзу, бұзғаны үшін өтемақы төлеу, құрылыс алаңын дайындау);<br>жер учаскелері мен тұрғын жайлардың құнына өтемақы төлеу;<br>Каир қаласында (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыс мешітін қайта жаңғырту;<br>Құрылыстың жүру барысына техникалық қадағалау жүргізу. | Қантар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
- ұзындығы 2 км және ені 1 км болатын территориядағы айрықша материалдық мәдениет ескерткіштерін сақтау;
- орталық учаскедегі 40 және перифериядағы 30 - ежелгі қорғандар кешенін сақтау;
- 60 жұмыс орнын құру;
- геологиялық зерттеулер жүргізу;
- негізгі холл; қонақ күтуге арналған зал; Әл-Фараби шығармашылығына арналған зал; жай және электрондық кітапхана орны; көрме залы; мешіт; ерлерге және әйелдерге арналған жуынатын орын; ерлерге және әйелдерге арналған медициналық пункт; жатын бөлмелері; әкімшілік бөлім; дәріхана; тіршілікті қамтамасыз етуге арналған орын; электрмен жарықтандыру; компьютерлік техникамен және құрал-жабдықтармен

жарақталған бейнезал; араб және қазақ тілдерін оқытуға арналған дәрісхана салу.
Түпкі нәтиже: айрықша материалдық мәдениет ескерткіштерді сақтау, кешенді жүйелеу негізінде ежелгі қорғандар кешенін сақтау, тарихи-мәдени ескерткіштерді танымалдандыру және зерделеу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: жобаларды іске асырудың тиімділігін талдау нәтижесі бойынша анықтау.
Уақтылығы: іс-шараларды бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес атқару.
Сапасы: республика халқының мәдени-рухани деңгейін арттыру және Қазақстанның айрықша тарихи-мәдени мұраларымен әлемдік қауымдастықты таныстыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
86-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту жөніндегі ақпараттық жүйелер құру"
деген 024 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 948440 мың теңге (тоғыз жүз қырық сегіз миллион төрт жүз қырық мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі ; "Қазақстан Республикасы Президентінің "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мемлекеттік тілдің жүйесін жетілдіру.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :
- мемлекеттік тіл мәртебесін кеңейту және нығайту;
- іс-қағаздарында мемлекеттік тілдің негізгі тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;
- шетелде тұратын отандастарды әлеуметтік-экономикалық, құқықтық қорғау мен қолдаудың мемлекеттік жүйесін жасау;
- ҚР электрондық үкіметінің веб-сайтында қазақ тілін жүзеге асыру және толық қолдау;

- мемлекеттік басқару жүйесінде мемлекеттік тілді ендіру үшін қажетті жағдайлар құру.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 024 | | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту жөніндегі ақпараттық жүйелер құру | Қолданбалы сервистер әзірлеу және құру; аппараттық және базалық қамтамасыз ету бағдарламаларын сатып алу; қазақ терминологиясын жетілдіру бойынша бағдарламалар жасау; қазақ тіліне қолдау көрсетудің веб-порталын құру; кешенді электрондық сөздіктер әзірлеу. Түсіндірме, жиілік, орфографиялық, сөзжасам, тұрақты сөз тіркестері сөздіктерін шығару және бейімдендіру; электрондық кітапханалар мен оқытудың электронды бағдарламалар жүйесін әзірлеу; мәтінді бір шрифтік графиктен екіншісіне қайта кодтау жүйесін әзірлеу (кириллица, латиница, арабица). | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: іске асырылатын қолданбалы тілдік сервис (электронды қызмет) сенімді және масштабты ИТ-инфрақұрылым, қазақ тіліндегі мәтіндердің сәйкестілік мәселелерін шешу мүмкіндігін туғызатын қазақ терминологиясы бойынша бағдарламалар, мемлекеттік тіл саясаты бойынша қажетті ақпараттық материалдар мен тілді үйренуге арналған әдістемелік қорын қамтитын қазақ тіліндегі веб-портал, терминологиялық, салалық қостілдік электронды сөздіктер, мемлекеттік тілді оқытуға арналған электронды бағдарламалар, әдебиет пен мұрағаттық құжаттардың алғашқы нұсқасында қолдану мүмкіндігін беретін электронды кітапхана, әр түрлі шрифттермен терілген қазақ тіліндегі мәтіндерді қайта кодтау.

Түпкі нәтиже: мемлекеттік тіл саясатының тиімді іске асырылуы.

Уақтылығы: бекітілетін мемлекеттік сатып алу туралы келісімшарттарда белгіленген мерзімдеріне сәйкес.

Сапасы: қазақ тілінің инфрақұрылымының сапалы дамуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы

N 1220 қаулысына
87-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес" деген 104 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 25579 мың теңге (жиырма бес миллион бес жүз жетпіс тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы "Дене шынықтыру және спорт туралы " Заңының 8-бабы ; Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678 "2006-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күресудің стратегиясы туралы" Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 240 "2006-2008 жылдарға арналған нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күресу бағдарламасы туралы" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері" жөнінде қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасындағы нашақорлық пен есірткі бизнесіне тиімді қарсыласуды әрі қарай тарату бойынша жүйенің негізгі буындарын нығайту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : есірткіні теріс пайдаланудың алдын алу, республикалық деңгейде нашақорлыққа қарсы спорт шараларын өткізу жолымен қоғамдық иммунитетті қалыптастыру, дене шынықтыру мен спортты насихаттау, жастар мен жасөспірімдерді дене шынықтыру мен спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту, спорттың көпшілік қатынасқан түрлері бойынша жасөспірімдер мен жастар арасында республикалық жарыстарды өткізу, нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсыласу жөніндегі аймақтық комиссиялардың жұмысы, жастардың нашақорлыққа қарсы сана сезімін қалыптастыру, әлеуметтік нашақорлыққа қарсы иммунитетті, салауатты өмір салтына табынушылықты қалыптастыруға, нашақорлыққа алып келетін факторлар туралы жастардың білімін арттыруға бағытталған "Хабар", "Ел-Арна", " Қазақстан" телеарналарында "Есірткісіз өмір", "Есірткі - бұл еш жаққа апармайтын жол ", "Есірткісіз спорт" атты бейнероликтерін қазақ және орыс тілдерінде жүргізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 104 | | Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес | Мемлекеттік тілде және орыс тілінде теледидар бағдарламаларын шығару және тарату. Мемлекеттік тілде және орыс тілінде радио бағдарламаларын шығару және тарату. Мемлекеттік тілде және орыс тілінде бейнероликтерін шығару және көрсету. Республикалық газеттерде материалдарды басып шығару. | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Теледидар бағдарламаларын және бейнероликтерді шығару және "Қазақстан", "Хабар", "Ел-Арна" телеарналарында көрсету, жастар арасында нашақорлыққа қарсы насихат жүргізу жөнінде деректі фильмді жасау және көрсету, республикалық баспа басылымдарында материалдарды шығару, республикалық БАҚ өкілдерін, осы бағытта жұмыс істейтін сарапшыларды шақырып, нашақорлыққа қарсы насихаттың негізгі бағыттарын талқылау жөнінде семинарлар, тренингтер мен конференцияларды өткізу.
Тікелей нәтиже: "Нашақорлыққа қарсы насихат" тақырыбы бойынша 1 тренинг-семинарлар өткізу; "Нашақорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыру барысында бұқаралық коммуникация арналарының рөлі" тақырыбы бойынша бір дөңгелек үстелді өткізу; "Нашақорлықты таратуға барысына қарсы күресуде БАҚ пен қоғамның орны" тақырыбы бойынша 2-ші ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізу; "Қазақстан", "Хабар", "Ел-Арна" телеарналарында 12 бағдарламаны шығару және көрсету; 2 тілдегі 7 ролик;
"Қазақстан", "Хабар", "Ел-Арна" телеарналарында 5 сағат бойы көрсету; жастар арасында нашақорлыққа қарсы насихат жүргізу жөнінде 1-ші деректі фильмді жасау және көрсету; 50 баспа басылымын және басылған беттерін шығару.
Халықтың сана сезімінде нашақорлыққа қарсы иммунитетін қалыптастыру, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы нашақорлықпен күресу мәселелерінің бетін ашу.
Түпкі нәтиже: нашақорлыққа тәуелді адамдар санын азайту және нашақорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыру.
Қаржы-экономикалық нәтиже: бір тренинг-семинарды өткізу бойынша орта есеппен алған шығындар - 2000,0 теңгені құрайды, 1 ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізу бойынша шығындар - 2000,0 теңгені құрайды, бір "дөңгелек үстелді" өткізу

бойынша шығындар 1946,6 теңгені құрайды.
Телеарналардағы теледидар бағдарламасын бір сағат көрсетудің құны: "Хабар" - шығару - 152946 теңге, орналастыру - 128707 теңге; "Ел-Арна" - шығару - 124846 теңге, орналастыру - 65667 теңге; "Қазақстан" - шығару - 125870 теңге, орналастыру - 130504 теңге; "Қазақ радиосы" - шығару - 62935 теңге, орналастыру - 62477 теңге.
Уақытылығы: жоспарланған іс-шараларды уақытында өткізу.
Сапасы: азаматтардың нашақорлықтың, есірткі қолдану салдарының зиянды екенін түсінуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
88-ҚОСЫМША

**206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту" деген 116 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 393000 мың теңге (үш жүз тоқсан үш миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы "электрондық үкіметті" қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** :

- "Ұлттық мұра" тақырыбы бойынша Қазақстанда таратылатын ақпараттық ресурстардың іздеу жүйесін электрондық түрде ұйымдастыруға мүмкіндік беретін интеграцияланған ұлттық ресурстарды құру және Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және басқа да министрліктердің, сондай-ақ архивтердің, мұражайлардың, қорықтардың, кітапханалардың, ғылыми мекемелердің, ұлттық мәдени бірлестіктердің, шығармашылық кеңестердің, киноиндустрияның және т.б. сайттарын біріктіру;
- ақпаратттық теңсіздік мәселесін шешу және ақпаратты алу және тұрғылықты мекен-жайы мен әлеуметтік жағдайына байланыссыз туған тілін, мәдени қызметтерін қолдану бостандығы құқын қамтамасыз ету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- жалпы ұлттық мәдени кеңістікті нығайту, ел аймақтары арасында мәдени алмасуды

кеңейту;
- ғаламдық ақпараттық желіге ұлттық мәдениетті интеграциялау;
- тұтас және жеке аспектілер бойынша Қазақстанның тарихы, мәдениеті, жағрафиясы, саясаты жөнінде жалпы білімдерді таратуға бағытталған, коллекцияларды қалыптастыру;
- ғылыми жұмыскерлер мен дайындығы жоғары деңгейлі мамандарды, соның ішінде жалпылама гуманитарлық пәндер саласындағы мамандарды тақырыпты (пәнді) терең оқытуға ықпал ету;
- тек оқу материалын ғана емес, сонымен бірге қажетті қосымша әдебиеттерді ұсыну арқылы ресми және бейресми білім беруге қолдау көрсету;
- кеңейтілген білім шеңберінде бірреттік сипаттағы ақпаратпен тұтынушылықты қанағаттандыру қажеттілігі;
- дәстүрлі кітапханалық қорды электрондық түрдегі құжаттармен кеңейту және жеке тұлғалардың қолжазбаша және құнды кітаптарына сақтандыру қоры қызметін орындау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 116 | | Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту | Порталға шығарылатын, жұмыстарды бақылау мен үйлестіру механизмін анықтайтын құжаттарды іріктеу, белгілеу және сипаттау бойынша бірлескен жұмыс бағыттарын, мазмұны мен графиктерін айқындау жөнінде жұмыс тобын құру; Ғылыми ынтымақтастықты ұйымдастыру; Порталға арналған бағдарламалық қамсыздандыруды жасау немесе сатып алу; Электрондық құжаттарды іріктеу, белгілеу және сипаттау; Құжаттарды сипаттаудың жалпы стандарттарын, форматтарын, әдістемелерін және әдістерін жасау; Қажетті техникалық құралдарды сатып алу; Ақпараттық жүйені сатып алу; Порталда ресурстарды орнату және оны әкімшілендіру; | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Порталды жылжыту және жариялау; "Желтые страницы Казахстана" ( қазақстандық сайттар каталогы) журналын шығару, "электронды үкімет" порталында журналдың электрондық үлгісін орналастыру. | | Мәдениет және ақпарат министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже:
- "Ұлттық мұра" ақпараттық-танымдық веб-порталды ендіру тұжырымдамасын жасау;
- "Ұлттық мұра" ақпараттық-танымдық веб-порталды құру және өзектендіру;
- "Қазақстан Кітапханасы" мемлекеттік кітапханалық қорды қалыптастыру тұжырымдамасын жасау;
- "Қазақстан Кітапханасы" мемлекеттік кітапханалық қорын Интернет қызметтерімен қалыптастыру;
- техникалық құралдарды сатып алу;
- ақпараттық жүйені сатып алу;
- веб-порталды әзірлеу;
- "Желтые страницы Казахстана" (қазақстандық сайттар каталогы) журналын шығару, " электрондық үкімет" порталында журналдың электрондық үлгісін орналастыру.

Түпкі нәтиже: елде жалпы ақпараттық-мәдени кеңістікті құру, оны іске асыру барысында ақпараттық ресурстарды сипаттайтын жалпы стандарттарды, мәліметтермен алмасу форматтары, жалпы әдістемелері мен әдістері жасалады.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: веб-порталды құруға кеткен орташа шығын - 191 500 мың теңге.

Уақтылығы: іс-шараларды бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес атқару.

Сапасы: Интернет желісін қазақстандық сегментпен ақпараттық толтыру және оқуға деген тұрғындардың ынтасын қалыптастыру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК